

**Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 127 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 13 шілдеде № 33071 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 15-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Дәрі-дәрмек саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 15-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аукцион – сатып алудың веб-порталы арқылы автоматты түрде ең төменгі баға бойынша сатып алу жеңімпазын айқындау мақсатында бір лотқа қатысатын әлеуетті өнім берушілердің бағаларын салыстыру;

2) әлеуетті өнім беруші – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға не осы Қағидаларға сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау бойынша ұзақ мерзімді шарт және (немесе) шарт жасасуға үміткер заңды тұлға;

3) әлеуетті өнім берушінің үлестес тұлғасы – шешімдерді айқындауға және (немесе) әлеуетті өнім беруші қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде жазбаша нысанда жасалған мәмілеге байланысты тікелей және (немесе) жанама ықпал етуге құқығы бар жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты осы әлеуетті өнім берушінің осындай құқығы болатын жеке немесе заңды тұлға;

4) баға ұсынысы – осы Қағидаларға 1, 1-1, 1-2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім беруші ұсынған, сақтаудың температуралық режимі бөлінісінде айына бір паллета-орынның, автокөліктің санатына қарай бір километр үшін жүк автокөлігімен тасымалдаудың бағаларын қамтитын коммерциялық ұсыныс;

5) бәсекелес лот – екі және одан да көп әлеуетті өнім беруші қатысатын лот;

6) бәсекелес емес лот – бір ғана әлеуетті өнім беруші қатысатын лот;

7) бөлу орталығы – Астана, Алматы, Ақтөбе немесе Шымкент қалаларының немесе олардың агломерацияларының аумағындағы қызмет көрсетілетін өңірлерде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтау үшін пайдаланылатын дәріханалық қойма;

8) бірыңғай дистрибьютор – Кодекстің 247-бабына сәйкес қызметін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде жүзеге асыратын заңды тұлға;

9) бірыңғай дистрибьютордың үлестес тұлғасы – бірыңғай дистрибьютор шешімдерін тікелей және (немесе) жанама айқындайтын және (немесе) ол қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде шартқа байланысты ықпал етуші (ұсынылған өкілеттіліктер шеңберінде оның қызметін реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты бірыңғай дистрибьютордың осындай құқығы бар кез келген тұлға;

10) денсаулық сақтау субъектілерінен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды , көрсетілетін қызметтерді сатып алудың веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – сатып алудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне бірыңғай қол жеткізу нүктесін беретін ақпараттық жүйе;

11) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, көрсетілетін қызметтерді денсаулық сақтау субъектілерінен сатып алу саласындағы бірыңғай оператор (бұдан әрі – бірыңғай оператор) – мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган айқындайтын заңды тұлға;

12) дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтер (бұдан әрі – көрсетілетін қызметтер) – шарт немесе ұзақ мерзімді шарт талаптарына сәйкес бірыңғай дистрибьюторға өнім беруші көрсететін қызметтер;

13) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі ұзақ мерзімді шарт (бұдан әрі – ұзақ мерзімді шарт) – тиісті дистрибьюторлық практика

(GDP) талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының резиденті – дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектімен бірыңғай дистрибьютор жасасатын қызметтер көрсетудің азаматтық-құқықтық шарты;

14) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсету сапасы саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

15) конкурстық өтінім – әлеуетті өнім берушінің осы Қағидаларға сәйкес көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қатысуға ұсынысы;

16) қызмет көрсету өңірі – мынадай топтарға біріктірілген әкімшілік-аумақтық бірліктер:

бөлу орталығы Астана қаласындағы Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Қарағанды, Павлодар және Ұлытау облыстары;

бөлу орталығы Алматы қаласындағы Алматы, Шығыс Қазақстан, Абай және Жетісу облыстары;

бөлу орталығы Шымкент қаласындағы Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстары;

бөлу орталығы Ақтөбе қаласындағы Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары;

17) операциялық қойма – өзі орналасқан облыстың аумағында дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды қабылдау, сақтау және тасымалдау үшін пайдаланылатын облыс орталығының немесе оның агломерациясының аумағындағы дәріханалық қойма;

17-1) дәріханалық қойма – дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы объект;

18) өнім беруші – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға немесе осы Қағидаларға сәйкес бірыңғай дистрибьютормен ұзақ мерзімді шарт немесе шарт жасасқан заңды тұлға;

19) паллета-орын – бір паллетаны сақтаудың көрсетілетін қызметі үшін есептік бірлік, мұндағы паллета – жүктерді жинау, сақтау, қайта тиеу және тасымалдау үшін негіз ретінде пайдаланылатын, қатты алаңы және ірілендірілген жүк бірлігін құру үшін жеткілікті орны бар, мөлшері 800 мм де 1200 мм тасымалдайтын ыдыс;

20) көрсетілетін қызметтің бағасы – осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен көрсетілетін қызметті сатып алу нәтижесі бойынша белгіленген, бірыңғай дистрибьютордың үстеме бағасы есебінен төленетін көрсетілетін қызметтің құны;

21) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау, дәрілік заттарды сақтау, медициналық бұйымдарды сақтау, дәрілік заттарды тасымалдау, медициналық бұйымдарды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтің алдын ала құны – көрсетілетін қызметті сатып алу үшін тиісті қаржы жылына бөлінген, бірыңғай

дистрибьютор қажеттілік көлемін және қызмет көрсету өңірі бөлінісінде баға ұсынысының ең аз мәнін ескере отырып қалыптастыратын сома;

22) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі шарт, дәрілік заттарды сақтау жөніндегі шарт, медициналық бұйымдарды сақтау жөніндегі шарт, дәрілік заттарды тасымалдау жөніндегі шарт, медициналық бұйымдарды тасымалдау жөніндегі шарт (бұдан әрі – шарт) – осы Қағидалардың талаптарына сәйкес веб-порталда бірыңғай дистрибьютор өнім берушімен жасасатын қызметтер көрсетудің азаматтық-құқықтық шарты;

23) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

24) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нысандар жиынтығы.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Көрсетілетін қызметтерді сатып алу мынадай:

1) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

3) әлеуетті өнім берушілер арасындағы әділетті бәсекелестік;

4) сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы;

5) Қазақстан Республикасының халқын қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен үздіксіз қамтамасыз ету қағидадары сақтала отырып жүргізіледі.

4. Бірыңғай дистрибьютор көрсетілетін қызметтерді сатып алуды конкурс тәсілімен (осы Қағидаларда көзделген жағдайларда қайталама конкурс) немесе бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асырады.

5. Бірыңғай дистрибьютор бір лот үшін:

1) дәрілік заттарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді (операциялық қойма) сатып алу кезіндегі әкімшілік-аумақтық бірлікті (облысты);

2) медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді (операциялық қойма) сатып алу кезіндегі әкімшілік-аумақтық бірлікті (облысты);

3) дәрілік заттарды сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезіндегі қызмет көрсету өңірін (бөлу орталығы);

4) медициналық бұйымдарды сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезіндегі қызмет көрсету өңірін (бөлу орталығы);

5) дәрілік заттарды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезіндегі қызмет көрсету өңірін (бөлу орталығынан операциялық қоймаға дейін);

6) дәрілік заттарды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезіндегі қызмет көрсету өңірін (бөлу орталығынан алушыға дейін, сондай-ақ бөлу орталықтарының арасында);

7) медициналық бұйымдарды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезіндегі қызмет көрсету өңірін (бөлу орталығынан операциялық қоймаға дейін);

8) медициналық бұйымдарды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезіндегі қызмет көрсету өңірін (бөлу орталығынан алушыға дейін, сондай-ақ бөлу орталықтарының арасында);

9) ұзақ мерзімді шарт жасасу кезінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қызмет көрсету өңірін айқындайды.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Бөлу орталығы қызмет көрсету өңірінде сақтау жөніндегі қызметті көрсетеді.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Көрсетілетін қызметтерді операциялық қойма арқылы сатып алу конкурсы немесе жеке лот өткізілмеді деп танылса:

1) бөлу орталығы сақтау жөніндегі қызметті көрсетеді;

2) бөлу орталығынан алушыға дейін тасымалдау жөніндегі қызметті көрсететін өнім беруші, сондай-ақ бөлу орталықтарының арасында тасымалдау жөніндегі қызметті көрсетеді.

Медициналық бұйымдарды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттарды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді (бөлу орталығынан операциялық қоймаға дейін) сатып алу өткізілмеді деп танылған кезде, мұндай көрсетілетін қызметтерді бөлу орталығынан алушыға дейін, сондай-ақ бөлу орталықтарының арасында тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін өнім беруші көрсетеді.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7-1. Дәрілік заттарды тасымалдау жөніндегі қызметтерді, медициналық бұйымдарды тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін өнім беруші бөлу орталығының орналасқан жері бойынша бөлу орталықтарының арасында тауарларды тасымалдауды жүзеге асырады.

Ескерту. 1-тарау 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32733 болып тіркелген) сәйкес фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шеңберінде жүзеге асырылады.

9. Бірыңғай дистрибьютордың жұмыскерлері мен үлестес тұлғалары осы Қағидалармен реттелетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушілер ретінде қатыспайды.

10. Әлеуетті өнім беруші және оның үлестес тұлғалары конкурсқа оның бір лоты бойынша қатысушы бола алмайды.

10. Бірыңғай дистрибьютордың әлеуетті өнім берушіге осы Қағидаларда көзделмеген біліктілік талаптарын қоюына жол берілмейді.

11. Әлеуетті өнім беруші сатып алуға, егер:

1) әлеуетті өнім берушінің бірінші басшыларының және (немесе) әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса не өткізілетін сатып алуда бірыңғай дистрибьютордың қызметкері болып табылса;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына не Қазақстан Республикасының бейрезиденті-әлеуетті өнім беруші мемлекетінің заңнамасына сәйкес әлеуетті өнім берушінің қызметі тоқтатыла тұрса қатыспайды.

## **2-тарау. Конкурсты өткізу тәртібі**

12. Конкурс өткізу туралы хабарландыру бірыңғай дистрибьютор шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде конкурстық өтінімдерді ашу күніне дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын, ал қайталама конкурс өткізілген кезде кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын қазақ және орыс тілдерінде веб-порталда жарияланады.

13. Веб-порталдағы конкурс мынадай жүйелі кезеңдердің жиынтығы болып табылады:

1) конкурстық комиссия хатшысының көрсетілетін қызметті конкурс тәсілімен сатып алу туралы хабарландыруды орналастыруы;

2) әлеуетті өнім берушілердің осы Қағидаларға сәйкес өтінімдерді веб-портал және конкурстық өтінімнің кепілдігін қамтамасыз ету арқылы ұсынуы;

3) веб-порталдың конкурстық өтінімдерді автоматты түрде ашуы, ашу хаттамасын жариялауы;

4) конкурстық комиссияның конкурстық өтінімдерді қарауы және олардың хабарландырудың шарттарына және осы Қағидалардың ережелеріне сәйкестігі тұрғысынан дауыс беруі;

5) конкурстық комиссия хатшысының алдын ала рұқсат хаттамасын жариялауы;

6) әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерге қосымшаларды ұсынуы;

7) конкурстық комиссияның конкурсқа өтінімдерге толықтыруларды қарауы және олардың хабарландырудың шарттарына және осы Қағидалардың ережелеріне сәйкестігі тұрғысынан дауыс беруі;

8) конкурстық комиссия хатшысының рұқсат хаттамасын жариялауы;

9) бәсекелес лоттар бойынша аукцион;

10) веб-порталдың қорытындылар хаттамасын автоматты түрде жариялауы;

11) бірыңғай дистрибьютор мен конкурс жеңімпаздарының электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен веб-порталда ұзақ мерзімді шарт немесе шарт жасасуы.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Конкурс өткізу туралы хабарландыруда мыналар қамтылады:

1) бірыңғай дистрибьютордың атауы мен мекенжайы;

2) бірыңғай дистрибьютордың банктік деректемелері;

3) конкурстың атауы;

4) лот бойынша: қызмет көрсету орны мен мерзімі, әрбір лот бойынша қызмет көрсетумен байланысты дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың атауы және көлемдері көрсетілген қызметтердің атауы;

5) арнайы температуралық режимі бар және арнайы температуралық режимсіз паллета-орындардың жоспарлы саны, тасымалдау үшін километрмен өлшенетін болжамды арақашықтық, лот бойынша тиеу-түсіру жұмыстары үшін норма-сағаттардың болжамды саны, операциялық қойма арқылы сақтау және тасымалдау қызметтерін сатып алу кезіндегі денсаулық сақтау субъектілерінің тізбесі және мекенжайлары;

6) бөлу орталығы арқылы сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде арнайы температуралық режимі бар және арнайы температуралық режимсіз паллета-орындардың жоспарлы саны;



7) тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезіндегі километрдегі болжамды арақашықтық, денсаулық сақтау субъектілерінің тізбесі және мекенжайлары ;

8) өтінімдерді қабылдаудың аяқталатын күні мен уақыты;

9) ұзақ мерзімді шарттың жобасы, шарттың жобасы;

10) әрбір лот бойынша сатып алу үшін бөлінген көрсетілетін қызметтің алдын ала құны.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Конкурс үшін бірыңғай дистрибьютор комиссия құрамын бекітеді және комиссия мүшесі болып табылмайтын комиссия хатшысын айқындайды. Конкурсдық комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрайды, бірақ бес адамнан кем болмайды.

16. Комиссия құрамына бірыңғай дистрибьютордың қызметкерлері, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қызметкері немесе қызметкерлері (келісу бойынша) және "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері (келісу бойынша) енгізіледі.

17. Комиссия оның құрамын бекіту туралы шешім күшіне енген күннен бастап рұқсат хаттамасы жарияланғанға дейін әрекет етеді.

18. Бірыңғай дистрибьютордың жұмыскері комиссия хатшысы болып айқындалады, ол мыналарды уақтылы қамтамасыз етеді:

1) конкурс өтетіні туралы хабарландыруды веб-порталда жариялау;

2) комиссияның дауыс беру қорытындылары бойынша алдын ала рұқсат беру хаттамасының, танысу үшін рұқсат беру хаттамасының жобасын жасау, ал комиссия мүшелерінің біреуінің хабарламасы бойынша – веб-порталда дауыс беруді қайта бастау ;

3) алдын ала рұқсат беру хаттамасын, рұқсат беру хаттамасын веб-порталда жариялау;

4) комиссия мүшесінің болмауын растайтын ұсынылған құжаттың (бар болған жағдайда) электрондық көшірмесін веб-порталда орналастыру;

5) жалпы немесе лоттың біреуі бойынша конкурс өткізілмейтіні туралы немесе жарамсыз деп тану туралы шешім қабылданған кезде оның көшірмесін орналастыра отырып, веб-порталда оны өткізбеу;

б) конкурстың қорытындысы туралы хабардар ету.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### 3-тарау. Өтінімнің мазмұны, оны ұсыну және кері қайтару

19. Әлеуетті өнім беруші веб-порталда тіркеледі және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімге қажетті құжаттарды тіркеу немесе оларды веб-порталда көзделген нысандар бойынша толтыру жолымен өтінім береді.

20. Әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға арналған өтінімінде мыналар (электрондық көшірмелері) қамтылады:

1) әлеуетті өнім берушінің атқарушы органының, директорлар кеңесінің, байқау кеңесінің шешімдер қабылдауына ықпалы бар қатысушылар немесе акционерлер туралы үзінді көшірме, веб-порталда көзделген нысан бойынша олардың жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН);

2) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алынған салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешегінің жоқ (бар) екені туралы мәліметтер;

3) фармацевтикалық қызметке: дәрілік заттарды көтерме саудада өткізуге рұқсат және (немесе) медициналық бұйымдарды көтерме саудада өткізу бойынша қызметті бастау немесе тоқтату туралы хабарлама, ал денсаулық сақтау саласында есірткі мен прекурсорларды сақтауға және (немесе) тасымалдауға және (немесе) өткізуге байланысты қызмет көрсеткен жағдайда денсаулық сақтау саласында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке рұқсат.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

21. Қызметтерді көрсетуге арналған конкурстық өтінім лот бойынша қосымша мыналардан (электрондық көшірмелері) тұрады:

1) өтінім ашылатын күнге дейін берілгеніне күнтізбелік бір ай өтпеген "электрондық үкімет" веб-порталынан дәріханалық қоймаға тіркелген құқықтар туралы анықтама – сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде;

2) дәріханалық қоймаға техникалық құжат – сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде;

3) паллета-орындардың осы Қағидалардың ережелеріне сәйкестігін растайтын құжаттар – сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде;

4) тиісті дистрибьюторлық практика туралы сертификат (GDP) – дәрілік заттарды сақтау немесе тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде;

5) реттелетін температуралық режимді сақтай отырып, санаты әртүрлі автокөлік құралдарының бар екенін растайтын құжат. Көлік құралдарының санаттары: қоса алғанда 1,5 тоннаға дейін (сыйымдылығы 1-ден 4 паллета-орынға дейін) – 1-санат, қоса алғанда 5 тоннаға дейін (сыйымдылығы 5-тен 10 паллета-орынға дейін) – 2-санат, қоса алғанда 10 тоннаға дейін (сыйымдылығы 11-ден 20 паллета-орынға дейін) – 3-санат, 10 тоннадан астам (сыйымдылығы 21 паллета-орыннан астам) – 4-санат – тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде);

6) осы Қағидаларға 1, 1-1 немесе 1-2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша баға ұсынысы;

7) өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

22. Веб-портал әлеуетті өнім берушіге автоматты түрде:

1) хабарландырудағы лот бағасынан жоғары бағаны ұсынуға;

2) өтінімді ашқаннан кейін оны кері қайтаруға;

3) хабарландыруда көзделген мерзім өткеннен кейін өтінімді беруге мүмкіндік бермейді.

23. Конкурстық өтінім веб-портал әлеуетті өнім берушіге хабарлама жіберген сәтте берілген болып есептеледі, ол әлеуетті өнім берушінің қалауы бойынша оны ашу сәтіне дейін өзгертіледі немесе кері қайтарып алынады.

24. Комиссия әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтініміне ескертулер берген кезде әлеуетті өнім беруші өзінің конкурстық өтінімін жетіспейтін құжаттармен алдын ала рұқсат хаттамасы жарияланған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, қайталама конкурс өткізген кезде 2 (екі) жұмыс күні ішінде толықтырады не толықтырмайды және оның өтінімі кері қайтарылады.

25. Өтінімге толықтыруларды ашу конкурстық өтінімдерге толықтыруларды ұсыну мерзімі өткеннен кейінгі келесі күні бірыңғай дистрибьютордың жұмыс күні 10 сағат 00 минутта жүргізіледі.

#### **4-тарау. Өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету**

26. Өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету әрбір лотқа жеке енгізіледі және (3) үш пайызды құрайды.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

27. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға арналған өтінімнің кепілдігін қамтамасыз етуді мынадай нысандардың бірінде ұсынады:

1) төлемнің мақсатында тиісті лоттың нөмірі көрсетіліп, өтінімге төлем тапсырмасының көшірмесі қоса берілген, бірыңғай дистрибьютордың банктік шотына ақшалай жарна;

2) банктің уәкілетті тұлғаларының электрондық цифрлық қолтаңбаларының көмегімен банк тікелей веб-порталда беретін, веб-порталда көзделген нысан бойынша электрондық банк кепілдігі.

28. Өтінімнің кепілдігін қамтамасыз ету төтенше жағдай қолданыста болған кезеңде енгізілмейді.

29. Конкурстық өтінімнің, сондай-ақ оның кепілдігін қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі кемінде күнтізбелік 45 (қырық бес) күнді құрайды. Әлеуетті өнім беруші өтінімінің кепілдігін қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі рұқсат хаттамасына немесе қорытындыларға сәйкес оны қабылдамаған не сатып алу жеңімпазы жасалған шарт бойынша міндеттемелердің немесе ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісімінің орындалуын қамтамасыз ету шараларын уақтылы ұсынған сәтте өтеді.

**Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

30. Кепілдікті қамтамасыз ету:

1) әлеуетті өнім берушінің өтінімі қабылданбаған;

2) жеңімпаз конкурс қорытындылары бойынша жасалған шарт немесе ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісім бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету шарасын уақтылы ұсынған;

3) конкурс немесе жеке лотты сатып алу тоқтатылған;

4) конкурс немесе жеке лотты сатып алу жарамсыз деп танылған;

5) енгізілген, бірақ тұлға конкурсқа қатыспаған;

6) төтенше жағдайлар жарияланған жағдайларда қайтарылады.

**Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

31. Әлеуетті өнім берушінің өтінімі қабылданбаған жағдайда:

1) веб-портал автоматты түрде әлеуетті өнім беруші мен бірыңғай дистрибьюторға веб-порталда көзделген нысан бойынша ақшаны қайтару туралы хабарлама жібереді, ал бірыңғай дистрибьютор (5) бес жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушінің банктік шотына ақша аудару арқылы ақшалай жарнаны қайтарады;

2) веб-портал электрондық банк кепілдігін берген банкке және әлеуетті өнім берушіге веб-порталда көзделген нысан бойынша оның қолданылуының тоқтатылғаны туралы автоматты түрде хабарлама жібереді.

3) бірыңғай дистрибьютор әлеуетті өнім берушінің өкіліне банк кепілдігін қайтаруды қағаз жеткізгіште қолма-қол, сенімхаттың және жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде қайтарады.

32. Әлеуетті өнім беруші өтінімінің қабылданбауы себебінен кепілдікті қамтамасыз етуді қайтару мерзімі тиісті лот бойынша өтінімді қабылдамау туралы шешім көзделген қорытынды хаттамасы жарияланған күннен кейінгі күннен бастап есептеледі.

33. Егер:

1) жеңімпаз ұзақ мерзімді шарт немесе шарт жасасудан бас тартса немесе жалтарса;  
2) жеңімпаз ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісім немесе шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету шарасын ұсынбаса;

3) әлеуетті өнім берушінің осы Қағидаларға сәйкестігі туралы дәйексіз ақпарат ұсынылса осы Қағидаларда көзделген мерзімдер бұзылса, өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету ұстап қалынады.

**Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

34. Бірыңғай дистрибьютор:

1) ақшалай жарна түріндегі өтінімнің кепілдігін қамтамасыз етуді ұстап қалған кезде – жеңімпазға веб-портал арқылы веб-порталда көзделген нысан бойынша ақшаның ұсталғаны туралы хабарлама жібереді;

2) электрондық банк кепілдігі түріндегі өтінімнің кепілдігін қамтамасыз етуді ұстап қалған кезде – банкке және конкурс жеңімпазына (мәлімет ретінде) веб-портал арқылы веб-порталда көзделген нысан бойынша оны төлеу туралы хабарлама жібереді;

Банк кепілдігін төлеу туралы хабарлама банкке оны ұстап қалудың негізі туындаған күннен бастап 20 (жиырма) банк күні ішінде қойылады

## **5-тарау. Веб-порталда дауыс беру және өтінімдерді қарау тәртібі**

35. Комиссия мүшелері конкурс жарияланғанға дейін веб-порталда тіркеледі, мұнда өтінімдерді қарайды, әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімінің жіберілуіне немесе қабылданбауына дауыс береді.

36. Комиссия мүшелері әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімінің осы Қағидаларға сәйкестігі туралы шешімдерді қабылдаған кезде әлеуетті өнім берушінің веб-порталдағы парақшасындағы, өтінімдегі құжаттарды, сондай-ақ басқа да ашық ақпарат көздеріндегі: "электрондық үкіметтің" [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz), "Жоғарғы соттың" [www.office.sud.kz](http://www.office.sud.kz) ақпараттық жүйелеріндегі және өзге де қолжетімді дереккөздердегі ақпаратты қарайды.

37. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған қатысып отырған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе,

қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

38. Өтінімдер болмаған жағдайда веб-портал автоматты түрде және бір мезгілде ашу және қорытындылар хаттамаларын жариялайды.

39. Өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін веб-портал оларды қарау үшін қолжетімді етеді және ашу хаттамасын оның нөмірін, жариялау уақыты мен мәртебесін көрсетіп, автоматты түрде жариялайды, онда мыналар қамтылады:

- 1) конкурстың нөмірі мен атауы;
- 2) бірыңғай дистрибьютордың атауы, БСН және заңды мекенжайы;
- 3) хабарландырудағы лоттардың тізбесі;
- 4) әлеуетті өнім берушілердің атауы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), БСН (ЖСН), заңды мекенжайлары, өтінімдерді ұсыну уақыты мен күні;
- 5) өтінімдер ұсынылмаған лоттар;
- 6) баға ұсыныстары көрсетілген, өтінімдерді ұсынған әлеуетті өнім берушілердің лоттары мен атаулары.

40. Веб-порталда әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері бәсекелес лотта әлеуетті өнім берушілер үшін ашық және қолжетімді болып табылады және жеті жұмыс күні ішінде, ал қайталама конкурс кезінде өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде комиссияның қарауына жатады.

41. Конкурстық өтінімдерді қарау мерзімінің аяқталуына қарай комиссия хатшысының бастамасы бойынша веб-портал комиссия мүшелерінің дауыс беруі негізінде алдын ала рұқсат немесе рұқсат хаттамасының жобасын автоматты түрде қалыптастырады, онымен танысқаннан кейін комиссия оған қол қояды не комиссия хатшысы дауыс бермегендерді қоспағанда, барлық комиссия мүшелері дауыс беру хаттамасына қол қойғанға дейін қабылданған шешімдерді түзету үшін (қажет болған кезде) дауыс беруді қайта бастайды.

42. Комиссия мүшелері алдын ала рұқсат немесе рұқсат хаттамасының жобасымен танысқан соң әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтініміне өзінің ескертулерін ол жарияланғанға дейін қайта қарайды. Мұндай жағдайда конкурстық комиссияның хатшысы дауыс беруді қайта бастайды.

43. Дауыс бермеген комиссия мүшесі (мүмкін болса) дауыс бермеуінің дәлелді себептері туралы Комиссия хатшысына алдын ала хабарлайды және оған растайтын құжаттың көшірмесін ұсынады. Шешім қабылдау мерзімінің өтуіне қарай комиссия мүшесінің дауыс бермеуінің себебі белгісіз болған жағдайда, алдын ала рұқсат немесе рұқсат хаттамасына қол қою онсыз жүзеге асырылады. Хатшы веб-порталда мұндай себептің белгісіздігі туралы белгі қояды.

44. Хаттамаға қол қоймаған комиссия мүшесінің дауыс берген жеке лоттар бойынша шешімдерді қоса алғанда, оның барлық шешімдерін веб-портал комиссия шешімінде ескермейді және алдын ала рұқсат немесе рұқсат хаттамасында көрсетіледі.

45. Алдын ала рұқсат немесе рұқсат хаттамасында веб-портал автоматты түрде әрбір комиссия мүшесінің дауыс беру нәтижелерін мына ықтимал мәртебелердің бірімен көрсетеді:

- 1) "дауыс берген жоқ";
- 2) "қатысуға жіберілді";
- 3) веб-порталдағы шешімге сәйкес себебі негізделіп "қабылданбады".

Егер алдын ала рұқсат хаттамасында комиссия мүшесі "қабылданбады" деп дауыс берсе, онда әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың 24-тармағында көзделген мерзімде осы Қағидалардың конкурстық өтініміне толықтырулар ұсынады не толықтырулар ұсынбайды және оның өтінімі қабылданбайды.

46. Комиссия конкурстық өтінімі хабарландыру шарттарына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келеді деп таныған әлеуетті өнім беруші лот бойынша бәсекелестік болмаған кезде жеңімпаз деп танылады.

46. Конкурстық өтінімге ескертулер және бәсекелестік болмаған кезде комиссия әлеуетті өнім берушіні жеңімпаз деп таниды.

47. Конкурс тәсілімен сатып алу немесе оның қандай да бір лоты мынадай негіздемелердің бірі бойынша:

- 1) конкурстық өтінімдер ұсынылмаса;
- 2) бірде бір әлеуетті өнім беруші қатысуға жіберілмесе, өткізілмеді деп танылады.

48. Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда осы конкурстық комиссияның кез келген мүшесі ерекше пікір жазады, ол құжаттың электрондық көшірмесі нысанында веб-порталда орналастырылады.

49. Комиссия хатшысы веб-порталда алдын ала рұқсат немесе рұқсат хаттамасын оның нөмірін, жариялау уақыты мен мәртебесін көрсетіп жариялайды, онда мыналар қамтылады:

- 1) конкурстың нөмірі мен атауы;
- 2) бірыңғай дистрибьютордың атауы, БСН (ЖСН) және заңды мекенжайы;
- 3) өтінімді жалпы немесе лот бойынша рұқсат немесе қабылдамау туралы комиссияның әрбір мүшесінің шешімдері көрсетілген, лоттар бөлінісіндегі комиссияның дауыс беру қорытындылары;

4) комиссия өтінімдері хабарландырудың шарттарына немесе осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес келмеуіне байланысты қабылдамаған әлеуетті өнім берушілердің лоттары және атаулары;

5) бәсекелес емес лоттар және комиссия өтінімдері хабарландырудың шарттарына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келеді деп таныған, берілген баға ұсыныстары толық көрсетілген жеңімпаздардың атаулары;

6) бәсекелес лоттар және комиссия өтінімдерін аукционға қатысуға жіберген, аукционның бастапқы бағалары көрсетілген әлеуетті өнім берушілердің атаулары;

6) бәсекелес лоттар және комиссия өтінімдерін аукционға қатысуға жіберген, аукционның бастапқы бағалары көрсетілген әлеуетті өнім берушілердің атаулары;

7) әлеуетті өнім берушінің осы Қағидаларға сәйкестігі туралы дәйексіз ақпараттың ұсынылуы немесе ұсынылмауы туралы белгі.

50. Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдеріне толықтыруларды комиссия 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарайды. Конкурстық өтінімдерге толықтыруларды қарау қорытындысы бойынша рұқсат хаттамасы осы Қағидалардың 49-тармағының ережелеріне сәйкес жарияланады.

51. Әлеуетті өнім берушімен үлестес болған жағдайда комиссия мүшесі оның өтінімі бойынша шешім қабылдамайды.

52. Алдын ала рұқсат немесе рұқсат хаттамаларын веб-портал комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелерінің негізінде қалыптастырады, олар әрбір әлеуетті өнім берушінің, лоттың және өтінімге ұсынылатын осы Қағидалардың ережелерінің бөлінісінде хаттамаларда көрсетіледі. Ашу және қорытындылар хаттамалары веб-порталда автоматты түрде жарияланады, оларға комиссия мүшелері мен хатшысы қол қоймайды.

53. Хаттамалар қорытындылар хаттамасын қоспағанда, веб-порталда бірыңғай дистрибьютордың жұмыс уақытында ғана жариялануға тиіс.

54. Рұқсат хаттамасы жарияланғаннан кейін (2) екі жұмыс күнінен кейін комиссия аукционға қатысуға рұқсат берген әлеуетті өнім берушілердің арасында конкурстық өтінімдерде ұсынылған бағаларды төмендетуге аукцион өткізіледі.

55. Конкурс қорытындылары бойынша веб-портал автоматты түрде нөмірін, жариялау уақыты мен мәртебесін көрсетіп, қорытындылар хаттамасын қалыптастырады және жариялайды, онда мыналар қамтылады:

- 1) конкурстың нөмірі мен атауы;
- 2) бірыңғай дистрибьютордың атауы, БСН және заңды мекенжайы;
- 3) хабарландыруға сәйкес лоттар тізбесі;
- 4) лоттар, аукционға қатысушылардың атаулары, берілген уақыты және аукцион адымдарының көлемі көрсетілген аукционның нәтижелері;
- 5) бәсекелес лоттар және баға ұсыныстары көрсетілген аукцион жеңімпаздарының атауы;
- 6) бәсекелес лоттар және баға ұсыныстары көрсетілген, аукционда екінші орынға ие болған әлеуетті өнім берушілердің атауы;
- 7) хабарландыру шарттарына немесе осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес келмеуіне байланысты комиссия өтінімдерін кері қайтарған әлеуетті өнім берушілердің лоттары мен атаулары;

8) бәсекелес емес лоттар және баға ұсыныстарының деректерін егжей-тегжейлі көрсете отырып, комиссия өтінімдері хабарландыру шарттарына және осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес келеді деп таныған жеңімпаздардың атаулары.

56. Веб-порталды пайдалануға мүмкіндік бермейтін немесе хаттамаларды кателермен қалыптастыратын техникалық ақаулықтар туындаған кезде бірыңғай



оператор оны тіркейді және веб-порталдың тиісті бөлімінде ол туралы хабарландыруды дереу жариялайды, ол конкурстың барлық қатысушыларына тиісті хабарламаларды автоматты түрде таратады.

57. Бұл ретте конкурстың мерзімдері техникалық ақаулықтарды жою үшін қажетті уақытқа дейін шегеріледі.

58. Бірыңғай оператор қателермен жарияланған хаттамаларды веб-порталдан жоймайды, оған "жарамсыз" деген мәртебе береді. Қайта қалыптастырылған қатесіз хаттаманы бірыңғай оператор веб-порталда "жарамды" деген мәртебемен жариялайды.

59. Хаттама ауыстырылған жағдайда веб-портал автоматты түрде конкурс қатысушыларына тиісті хабарламалар жібереді.

60. Конкурс қорытындылары бойынша жеңімпазбен әрбір лот бойынша ұзақ мерзімді шарт немесе шарт осы Қағидалардың 9-тарауының 2-параграфына сәйкес келіссөздер жүргізуді талап ететін жағдайларды қоспағанда, қорытындылар шығарылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде веб-порталда жеке-жеке жасалады.

Конкурс қорытындылары бойынша, егер конкурс тәсілімен сатып алу немесе оның қандай да бір лоты өткізілмеді деп танылса, бірыңғай дистрибьютор мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) конкурсты қайта өткізу туралы;
- 2) қызмет көрсету мерзімі өзгерген кезде конкурс шарттарын өзгерту және жаңа конкурс өткізу туралы;
- 3) бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы.

**Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **6-тарау. Конкурстық өтінімді қабылдамау негіздері**

61. Комиссия әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімін мынадай жағдайларда қабылдамайды:

- 1) осы Қағидалардың 20 және 21-тармақтарына сәйкес келмесе;
- 2) әлеуетті өнім берушінің атқарушы органының, директорлар кеңесінің, байқау кеңесінің шешімдер қабылдауына ықпал ететін қатысушылар немесе акционерлер туралы веб-порталда көзделген нысан бойынша үзінді көшірме, олардың БСН (ЖСН) ұсынылмаса;
- 3) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алынған салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешегінің жоқ (бар) екені туралы мәліметтер ұсынылмаса;

4) фармацевтикалық қызметке: дәрілік заттарды көтерме саудада өткізу және (немесе) медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу бойынша қызметті бастау немесе тоқтату туралы хабарлама және (немесе) бөлу орталықтарына арналған денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке рұқсат ұсынылмаса;

5) осы Қағидалардың 9, 10 және 11-тармақтарында көзделген шарттар сақталмаса;

6) әлеуетті өнім берушінің сәйкестігі туралы дәйексіз ақпарат ұсынылса;

7) әлеуетті өнім берушінің осы Қағидаларға сәйкес келмесе;

8) хабарландыруға сәйкес келмесе.

Әлеуетті өнім берушілердің банкроттық не тарату рәсіміне қатысы болмауы тұрғысынан нақтылау мақсатында комиссия банкроттық не тарату рәсімдерінің жүргізілуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған ақпаратты қарайды.

**Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

62. Әлеуетті өнім берушінің лот бойынша конкурстық өтінімі мынадай жағдайларда қабылданбайды:

1) осы Қағидаларға 1, 1-1 немесе 1-2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша баға ұсынысы ұсынылмаса немесе тиісінше толтырылмаса;

2) осы Қағидалардың және хабарландырудың ережелеріне сәйкестігін растайтын құжаттар ұсынылмаса;

3) осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес кепілдікті қамтамасыз ету ұсынылмаса;

4) сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде өтінімді ашу күніне дейін күнтізбелік бір ай бұрын берілген "электрондық үкімет" веб-порталынан алынған қоймаға тіркелген құқықтар туралы анықтама ұсынылмаса;

5) сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қоймаға техникалық құжат ұсынылмаса;

6) дәрілік заттарды сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде объектінің тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) талаптарына сәйкестігі туралы сертификат ұсынылмаса;

7) сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде паллета-орындардың осы Қағидалардың ережелеріне сәйкестігін растайтын құжаттар ұсынылмаса;

8) тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде осы Қағидалардың 21-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген санаттар бойынша көлік құралдарына меншік құқығын және (немесе) пайдалану құқығын растайтын құжаттар ұсынылмаса.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **7-тарау. Аукцион**

63. Аукционға рұқсат хаттамасына сәйкес комиссия рұқсат берген әлеуетті өнім берушілер қатысады.

64. Аукцион рұқсат хаттамасы жарияланғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күнінен кейін жұмыс күні 10 сағат 00 минутта басталады және веб-порталда қашықтан нақты уақыт режимінде өткізіледі. Веб-портал автоматты және дереу аукцион қатысушыларына, комиссия мүшелері мен хатшысына аукционның басталуы туралы хабарламаны таратады және әрбір лот бойынша аукционның басталу уақыты туралы ақпаратты веб-порталда "Аукцион" бөлімінде көрсетеді.

65. Аукцион әлеуетті өнім берушілердің уәкілетті тұлғаларының электрондық цифрлық қолтаңбаларының көмегімен бастапқы бағадан бастап аукционға қатысушылардың лот бойынша бағаны реттілікпен төмендетуі арқылы өткізіледі.

66. Өтінімінің бағасы ең төмен, ал аукционға қатысуға рұқсат берілген бірнеше бәсекелестің ең төмен бағасы сәйкес келген кезде – өтінімі басқаларынан бұрын берілген әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы аукционның бастапқы бағасы болады.

67. Аукцион адымы лот бойынша әрбір әлеуетті өнім берушінің аукцион адымының уақыты басталған сәттен бастап 30 (отыз) минут ішінде бастапқы немесе аукционның алдыңғы адымында айқындалған ең төмен бағаны бір рет төмендету мүмкіндігін білдіреді.

68. Аукционның бастапқы бағасына қатысты аукцион адымына берілетін уақыт веб-порталдан аукционның басталғаны туралы хабарлама жіберілген және веб-порталда "Аукцион" деген бөлімде лот бойынша уақытты кері санау басталғаны көрсетілген сәтте басталады, ал аукционның алдыңғы адымында айқындалған ең төмен бағаға қатысты – веб-порталдағы "Аукцион" деген бөлімде лот бойынша уақытты кері санау басталғаны көрсетілген сәтте басталады.

69. Веб-портал аукцион адымының аяқталуына қалған отыз минуттық уақыттың кері саналуын минутпен және секундпен көрсетеді.

70. Аукциондағы лот бойынша адымдар саны шектелмейді.

71. Аукционға қатысушылар аукционның бір адымы шеңберінде осы Қағидалардың 94-тармағына сәйкес формула бойынша айқындалған көрсетілетін қызметтердің әрбір құрайтын бағасы бойынша аукционның бастапқы бағасынан кемінде жарты (0,5) пайызға төмендетеді, ал веб-портал автоматты түрде аукционның қатысушыларына бағаны сәйкес келмейтін мөлшерге төмендетуге мүмкіндік бермейді. Бағаны төмендету үшін веб-порталда аукцион адымының көлемін пайызбен немесе теңгемен таңдау көзделеді.

72. Аукционның бірінші немесе кезекті адымында өзге қатысушы әлеуетті өнім беруші бағаны төмендетсе, ал аукционға қатысушы бағаны төмендетпесе, ал автоматты түрде аукционға одан әрі қатысудан шығады және веб-портал оған автоматты түрде аукционның келесі адымдарында бағаны төмендетуге мүмкіндік бермейді.

73. Баға ұсынысы бастапқы баға ретінде қабылданған аукционға қатысушы аукционның бірінші адымында өзге қатысушы әлеуетті өнім беруші бағаны төмендеткен кезде аукционның бірінші адымына қатысады және бастапқы бағаны төмендетеді. Керісінше жағдайда ол автоматты түрде аукционға одан әрі қатысудан шығады.

74. Сатып алу веб-порталы автоматты түрде лот бойынша әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын салыстырады және аукционның келесі адымы үшін әрбір лот бойынша ең төмен бағаны айқындайды.

75. Аукцион адымының уақыты ол басталған сәттен бастап 30 (отыз) минут ішінде, ал лот бойынша аукционның барлық қатысушылары бағаны төмендеткен жағдайда лот бойынша аукционға қатысуға рұқсат алған соңғы әлеуетті өнім беруші баға ұсынысын берген сәтте аяқталады.

76. Егер лот бойынша бағасы ең төмен аукционның әлеуетті өнім берушілері аукционға қатысудан шықса, аукцион аяқталған болып есептеледі.

77. Веб-портал автоматты түрде ең төмен баға бойынша аукцион жеңімпазын айқындайды, ал аукционның бірнеше қатысушысының ең төмен бағасы сәйкес келген кезде бағаны бұрын төмендеткен аукционға қатысушының бағасы бойынша айқындайды.

78. Егер аукционның бірінші адымында аукционның бірде бір қатысушысы бастапқы бағаны төмендетпесе, баға ұсынысы лот бойынша аукционның бастапқы бағасы ретінде қабылданған әлеуетті өнім беруші аукцион жеңімпазы болып танылады.

79. Аукцион жеңімпазы конкурс жеңімпазы болып табылады.

80. Веб-портал тек аукционға іс жүзінде қатысқан әлеуетті өнім берушілердің арасынан ғана жеңімпаздың бағасынан кейінгі ең төмен баға бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушіні автоматты түрде айқындайды. Егер лот бойынша жеңімпаз бағасынан кейінгі баға бірнеше әлеуетті өнім берушілерде сәйкес келсе, бағаны бұрын төмендеткен екінші орын алған әлеуетті өнім беруші болып айқындалады.

## **8-тарау. Бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру тәртібі**

81. Бір көзден алу тәсілімен сатып алуды бірыңғай дистрибьютор мынадай жағдайларда жүзеге асырады:

1) конкурс өткізілмеді деп танылған кезде. Шақыру алдыңғы қаржы жылында дәл сол әкімшілік-аумақтық бірлікте қызмет көрсеткен өнім берушіге жіберіледі. Алдыңғы қаржы жылында қызмет көрсететін өнім беруші болмаған немесе қызмет көрсетуден

бас тартқан кезде шақыру осы Қағидаларға сәйкес келген кезде кез келген өзге әлеуетті өнім берушіге жіберіледі;

2) өнім берушімен ұзақ мерзімді шарт, қосымша келісім немесе шарт бұзылса. Шақыру екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге, ол болмаса осы Қағидаларға сәйкес келетін болса кез келген өзге әлеуетті өнім берушіге жіберіледі;

3) бірыңғай дистрибьютор қорытынды жасағанға дейінгі кезеңге бірыңғай дистрибьютордың алпыс күндік қажеттілікке дейін көрсетілетін қызметтерді сатып алу қажеттілігі туындағанда. Шақыру ұзақ мерзімді шарт немесе шарт жасалған өнім берушіге жіберіледі. Алдыңғы қаржы жылында қызмет көрсететін өнім беруші болмаған немесе қызмет көрсетуден бас тартқан кезде шақыру осы Қағидаларға сәйкес келген кезде кез келген өзге әлеуетті өнім берушіге жіберіледі.

**Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

82. Бір көзден алу тәсілімен сатып алуды өткізу туралы шешімді бірыңғай дистрибьютор:

1) осы Қағидаларда көзделген негіздер бойынша конкурс өткізілмеді деп танылған күннен бастап;

2) егер конкурс жеңімпазы және екінші орын алған (бар болса) әлеуетті өнім беруші белгіленген мерзімде қызмет көрсету шартына қол қоюдан жалтарғанда;

3) шарт бұзылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

83. Бір көзден алу тәсілімен сатып алу мынадай іс-шараларды көздейді:

1) бірыңғай дистрибьютордың тиісті негіздемемен бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдауы;

2) веб-порталда тіркелген әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыруды және шарт жобасын жіберу;

3) веб-порталда бір көзден алу тәсілінің қорытындылары туралы хаттаманы орналастыру;

4) егер сатып алу осы Қағидаларда көзделген негіздер бойынша өткізілмеген жағдайда, әлеуетті өнім берушінің өз мүмкіндіктеріне сәйкес қызмет көрсету шартының жобасына шарт бағасына, бірақ өзінің конкурс барысында ұсынған бағасынан аспайтын өзгерістер енгізуі;

5) тараптардың бірінің екінші тарап ұсынған шарттармен келіспеген кезде тиісті негіздемесі бар хабарламаны жіберу арқылы шарт жасасудан бас тартуы;

6) тараптар шарттың талаптарымен келіскен кезде оған электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен қол қоюы.

84. Бір көзден алу тәсілімен сатып алу рәсімін тараптар әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы хабарлама және уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша шарт жобасы жіберілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде аяқтайды.

Бұлай болмаған жағдайда сатып алу өткізілмеді деп есептеледі және уақыты өткеннен кейін веб-портал сатып алуға "өткізілмеді" деген мәртебе береді, ал бірыңғай дистрибьютор қайтадан сатып алуды өткізеді.

85. Веб-портал қол қойылған шартқа автоматты түрде нөмір береді және екінші тараптың қол қою күні мен уақыты бойынша оны жасасу уақытын көрсетеді.

**9-тарау. Веб-портал арқылы ұзақ мерзімді шарт (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісім) не шарт жасасу, келіссөздер жүргізу және ұзақ мерзімді шарттың (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісімнің) не шарттың орындалуын қамтамасыз ету**

**1-параграф. Веб-портал арқылы ұзақ мерзімді шарт (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісім) не шарт жасасу және өзгерту**

86. Бірыңғай дистрибьютор шағымдану мерзімі өткеннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушіге, өнім берушіге ұзақ мерзімді шартқа (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісімге) не шартқа қол қоятын тұлға туралы мәліметтерді және сатып алу қорытындылары бойынша қалыптасқан бағаны ескере отырып, ұзақ мерзімді шарттың (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісімнің) не шарттың жобасын қоса бере отырып, өнім берушінің деректемелерін ұсыну туралы сұрау салу жібереді.

Ұзақ мерзімді шарт осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 3 (үш) жыл мерзімге жасалады. Бұл ретте әрбір қаржы жылына ұзақ мерзімді шартқа осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызмет көрсетумен байланысты тауардың атауы мен көлемі, көрсетілетін қызметтің алдын ала құны көрсетілген қосымша келісім жасалады. Қосымша келісім ұзақ мерзімді шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

87. Әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші веб-порталда тиісті сұрау салуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұзақ мерзімді шартқа (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісімге) не шартқа қол қоятын тұлға туралы мәліметтерді және өнім берушінің деректемелерін толтырады және растайды. Әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің ұзақ мерзімді шартқа (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісімге) не шартқа қол қоятын тұлға туралы мәліметтерді және оның деректемелерін растауы болмаған кезде бірыңғай дистрибьютор ұзақ мерзімді шартқа (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісімге) не шартқа веб-порталда орналастырылған әлеуетті өнім берушінің тіркеу деректеріне сәйкес қол қояды.

Бірыңғай дистрибьютор Қағидалардың осы тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің мәліметтерді растау мерзімі өткен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған

ұзақ мерзімді шарттың (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісімнің) не шарттың жобасын уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша қалыптастырады және әлеуетті өнім берушіге қол қою үшін жібереді.

88. Ұзақ мерзімді шарттың (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісімнің) не шарттың жобасын өнім беруші, әлеуетті өнім беруші ол келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырады.

89. Егер әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші белгіленген мерзімде ұзақ мерзімді шартқа (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісімге) не шартқа қол қоймаса, бірыңғай дистрибьютор әлеуетті өнім беруші, өнім беруші ұзақ мерзімді шарт (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісім) не шарт жасасудан жалтарған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде веб-порталда ұзақ мерзімді шарттың (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісімнің) не шарттың жаңа жобасын қалыптастырады және оны екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге (бар болса) жібереді. Ұзақ мерзімді шарт (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісім) не шарт жобасын екінші орын алған әлеуетті өнім беруші өзіне ұзақ мерзімді шарт (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісім) не шарт жобасы ұсынылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырады.

Ұзақ мерзімді шартқа жыл сайынғы қосымша келісім жасасудан жалтарған кезде бірыңғай дистрибьютор конкурс өткізу немесе бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды.

90. Егер екінші орын алған әлеуетті өнім беруші (бар болған жағдайда) ұсынылған ұзақ мерзімді шарт немесе шарт жобасына белгіленген мерзімде қол қоймаса, бірыңғай дистрибьютор ұзақ мерзімді шарттың немесе шарттың жобасын үшінші орын алған әлеуетті өнім берушіге (бар болған жағдайда) қол қоюға жібереді.

Үшінші орын алған әлеуетті өнім беруші ұзақ мерзімді шартқа немесе шартқа қол қоюдан бас тартқан кезде бірыңғай дистрибьютор конкурсты қайта өткізеді.

**Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

91. Екінші орын немесе үшінші орын алған әлеуетті өнім берушімен ұзақ мерзімді шарт немесе шарт жасасу және келіссөздер жүргізу рәсімі конкурс жеңімпазымен өткен тәртіп бойынша жүргізіледі.

**Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

92. Ұзақ мерзімді шартқа не шартқа өнім берушіні таңдау үшін негіз болып табылған ұсыныстың мазмұнын өзгертетін өзгерістерді және (немесе) жаңа талаптарды енгізуге жол берілмейді.

93. Жасалған ұзақ мерзімді шартқа немесе шартқа өнім берушіні таңдау үшін негіз болып табылған сапаның өзгермеуі шартымен:

1) ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісім немесе шарт бағасын төмендету бөлігінде тараптардың келісуі бойынша;

2) осы Қағидалардың 94, 94-1 немесе 94-2-тармақтарына сәйкес формула бойынша белгіленген бағаны өзгертпей көрсетілетін қызмет көлемін ұлғайту бөлігінде;

3) өнім берушіге байланысты емес себептер бойынша бұрынғыны пайдалану мүмкін болмаған кезде онымен бірдей дәріханалық қоймаға ауыстырылған немесе неғұрлым сапалы дәріханалық қоймаға ауыстырылған кезде өзгерістер енгізуге жол беріледі.

**Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

94. Ұзақ мерзімді шарт (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісім) немесе сақтау және тасымалдау шарты бойынша ақы төлеу (X) көрсетілген қызметтер үшін іс жүзіндегі баға бойынша жүргізіледі, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$X = W + T + L$ , мұндағы

$W = W_j * (S_1 + S_2)$ , мұндағы

W – сақтау жөнінде көрсетілетін қызмет;

$W_j$  – 1 паллета-орынның өңірге байланысты құны (j),  $S_1$  – арнайы температуралық режимі бар паллета-орындардың саны (суық +2 – +8 Цельсий градусы, мұздату – 15 – 20 Цельсий градусы, салқын +8 – +15 Цельсий градусы) паллета-орындардың саны;  $S_2$  – арнайы температуралық режимсіз паллета-орындардың саны (+15 – +25 Цельсий градусы);

T – тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызмет;

$T = C_{ij}$ ,

$C_{ij}$  – көлік құралымен тасымалдаудың 1 км үшін қалыптасқан осы Қағидалардың 21-тармағында көзделген көлік құралының санатына (i) және өңірге (j) байланысты құны;

L – тиеу-түсіру жұмыстары

$L = L_j * L_{ki}$ ,

$L_j$  – өңірге (j) байланысты тиеу-түсіру жұмыстарының 1 норма сағатының қалыптасқан құны;

$L_{ki}$  – көлік құралдарының санаттарына сәйкес көлік құралына (i) тиеу немесе одан түсіру үшін жұмсалатын норма-сағаттардың саны: сыйымдылығы 1-ден 4 паллета-орынға дейін 1-санат, сыйымдылығы 5-тен 10 паллета-орынға дейін 2-санат, сыйымдылығы 11-ден 20 паллета-орынға дейін 3-санат, сыйымдылығы 21 паллета-орыннан астам 4-санат;

Бұл ретте норма-сағат – бұл жұмыстарды орындау уақытының бірлігі, тиеу-түсіру жұмыстары үшін есептік бірлік, олар мыналарды қамтиды: көлік құралынан қабылдау,



түсіру және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қайта есептеу, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтауға орналастыру, қажет болған кезде – дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қаптамасын стикерлеу және қаптамаға медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты салу, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды тиеуге немесе орнын ауыстыруға арналған жиынтық (кұрастыру), палеттеу (палеттаға орналастыру және қаптау материалымен орау), көлік құралына тиеу, жеткізу орнында түсіру, тауарға ілеспе құжаттарды ресімдеу (қол қою).

Денсаулыққа келетін елеулі зиянның алдын алу және (немесе) өмірге төнген қауіпті жою үшін шұғыл медициналық көмек көрсетілген кезде денсаулық сақтау ұйымының жазбаша өтініші және бірыңғай дистрибьютордың өтінімі бойынша іс жүзіндегі бағаға әуе тасымалдаушысының бағасы бойынша дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды әуемен жеткізу қызметтері үшін жұмсалған шығыстар қосылады.

**Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

94-1. Дәрілік заттарды тасымалдау, медициналық бұйымдарды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтер шарты бойынша ақы төлеу (X) көрсетілген қызметтер үшін іс жүзіндегі баға бойынша жүргізіледі, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$X = T, \text{ мұндағы}$$

T – тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызмет;

$$T = C_{ij},$$

$C_{ij}$  – көлік құралымен тасымалдаудың 1 км үшін қалыптасқан көлік құралының санатына (i) және өңірге (j) байланысты құны.

**Ескерту. 9-тарау 94-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

94-2. Дәрілік заттарды сақтау, медициналық бұйымдарды сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтер шарты бойынша ақы төлеу (X) көрсетілген қызметтер үшін іс жүзіндегі баға бойынша жүргізіледі, ол мынадай формула бойынша есептеледі: ДЗ сақтау:

$$X = W, \text{ мұндағы}$$

$$W = W_j * S_1, \text{ мұндағы}$$

W – сақтау жөнінде көрсетілетін қызмет;

$W_j$  – 1 паллета-орынның өңірге байланысты құны (j),  $S_1$  – арнайы температуралық режимі бар паллета-орындардың саны (суық +2 – +8 Цельсий градусы, мұздату – 15 – 20 Цельсий градусы, салқын +8 – +15, +15 – +25 Цельсий градусы);

МБ сақтау:

$$X = W, \text{ мұндағы}$$

$$W = W_j * S_2, \text{ мұндағы}$$

W – сақтау жөнінде көрсетілетін қызмет;

Wj – 1 паллета-орынның өңірге байланысты құны (j), S2 – арнайы температуралық режимсіз паллета-орындардың саны (+15 – +25 Цельсий градусы).

**Ескерту. 9-тарау 94-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-параграф. Веб-портал арқылы көрсетілетін қызметтің бағасын төмендету бойынша келіссөздер**

95. Бірыңғай дистрибьютор конкурстың қорытынды бағасы бәсекелес емес лот бойынша қалыптасқан жағдайда жеңімпазбен веб-портал арқылы көрсетілетін қызмет бағасын төмендету бойынша келіссөздер жүргізеді.

96. Бағаны азайту туралы ұсыныс жеңімпазға қорытындылар хаттамасы жарияланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тиісті негіздемемен веб-порталда көзделген нысан бойынша веб-портал арқылы жіберіледі.

97. Жеңімпаз ұзақ мерзімді шарттың бағасын төмендету жөніндегі ұсыныстан бас тартады не келіседі, ол туралы 2 (екі) жұмыс күні ішінде веб - портал арқылы бірыңғай дистрибьюторға тиісті негіздемемен ақпарат жібереді. Келіссөздер жеңімпаздан бағаны төмендету жөніндегі ұсынысқа келісу не бас тарту туралы хабарлама алынғаннан кейін аяқталды деп есептеледі.

Жеңімпаз көрсетілетін қызмет бағасын төмендетуден бас тартқан кезде бірыңғай дистрибьютор келіссөздер аяқталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы жеңімпаздың баға ұсынысы бойынша ұзақ мерзімді шарттың жобасын жібереді. Жеңімпаз ұзақ мерзімді шарттың жобасын келіп түскен күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырады.

Ұзақ мерзімді шарттың бағасын төмендетуге келіскен жағдайда конкурс жеңімпазы веб-портал арқылы бірыңғай дистрибьюторға веб-порталда көзделген нысан бойынша түпкілікті бағасы бар баға ұсынысын жібереді. Веб-портал бағасы өзгертілген ұзақ мерзімді шарттың жаңа жобасын автоматты түрде қалыптастырады және оны тараптарға қол қою үшін жібереді. Тараптар ұзақ мерзімді шартқа келіп түскен күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды.

## **3-параграф. Ұзақ мерзімді шарт (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісім) немесе шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету**

98. Өнім берушінің ұзақ мерзімді шарт (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісім) немесе шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету шараларының мөлшері ақшалай мәнде жеке лот бойынша жасалатын ұзақ мерзімді шарт (ұзақ

мерзімді шартқа қосымша келісім) немесе шарт бағасының 3 (үш) пайызын құрайды және тараптар веб-порталда ұзақ мерзімді шартқа (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісімге) немесе шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бірыңғай дистрибьютордың пайдасына ұсынылуға тиіс.

99. Әлеуетті өнім беруші ұзақ мерзімді шартты (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісімді) немесе шартты жасасқан кезде шарт бойынша өзінің міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету шарасы ретінде ұзақ мерзімді шарт (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісім) немесе шарт бойынша өзінің міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етудің мынадай тәсілдерінің бірін таңдайды:

- 1) бірыңғай дистрибьютордың банктік шотына енгізілетін ақшалай кепілдік жарна;
- 2) веб-порталда көзделген нысан бойынша банк ұсынатын электрондық банк кепілдігі.

100. Ұзақ мерзімді шарт (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісім) немесе шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету төтенше жағдай қолданылатын кезеңде ол қолданылатын мерзімі аяқталғанға дейін енгізілмейді.

Ұзақ мерзімді шарт (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісім) немесе шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету төтенше жағдайдың қолданылуы аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 98-тармағында белгіленген мөлшерде енгізіледі.

101. Ұзақ мерзімді шарт (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісім) немесе шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мынадай кездерде:

- 1) өнім беруші қызмет көрсетуден бас тартса;
- 2) ұзақ мерзімді шарт (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісім) немесе шарт өнім берушінің бастамасымен бұзылса;
- 3) өнім берушінің міндеттемелерді орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты бірыңғай дистрибьютор ұзақ мерзімді шартты (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісімді) немесе шартты біржақты тәртіппен бұзса, ұстап қалынады.

102. Бірыңғай дистрибьютор ұзақ мерзімді шарт (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісім) немесе шарт бойынша міндеттемелерді:

- 1) ақшалай жарна түрінде кепілдікті қамтамасыз ету ұстап қалынған жағдайда өнім берушіге веб-портал арқылы веб-порталда көзделген нысан бойынша ұстап қалу туралы хабарлама жібереді;
- 2) электрондық банк кепілдігі түрінде кепілдікті қамтамасыз ету ұстап қалынған жағдайда – банкке және өнім берушіге (мәлімет үшін) веб-портал арқылы веб-порталда көзделген нысан бойынша оны төлеу туралы хабарлама жібереді.

Банк кепілдігін төлеу туралы хабарлама банкке шарт бұзылған немесе қолданыс мерзімі аяқталған күннен бастап банктік 20 (жиырма) күн ішінде қойылады.

## **10-тарау. Шағымдану**

## **1-параграф. Шағымдану тәртібі**

103. Егер бірыңғай дистрибьютордың, комиссияның, бірыңғай оператордың әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүддесін бұзса, әлеуетті өнім беруші олардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымданады.

104. Конкурс қорытындыларының хаттамасы орналастырылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңғай дистрибьютордың, комиссияның, бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына шағымданған жағдайда ұзақ мерзімді шартты (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісімді) немесе шартты жасасу мерзімі шағымды қарау мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Сатып алуға қатыспаған тұлғалардың бірыңғай дистрибьютордың, комиссияның, бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдану ұзақ мерзімді шартты (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісімді) немесе шартты жасасу мерзімін тоқтатпайды.

105. Осы Қағидалардың 104-тармағында белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін бірыңғай дистрибьютордың, комиссияның, бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда, шағым Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес электрондық мемлекеттік аудит шеңберінде қаралады.

106. Әлеуетті өнім берушінің шағымы Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының ережелеріне сәйкес жалпыға бірдей қолжетімді ақпараттық жүйелер арқылы беріледі.

107. Қорытындылар хаттамасы жарияланғанға дейін және (немесе) осы Қағидалардың 104-тармағында белгіленген мерзімде бірыңғай дистрибьютордың, комиссияның, бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына шағымданған кезде шағым Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес камералдық бақылау шеңберінде осы Қағидалардың 104-тармағында белгіленген мерзім өткен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қаралады. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы шағым түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңғай дистрибьюторға ұзақ мерзімді шарт (ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісім) немесе шарт жасасуды тоқтата тұру туралы хабарлама жібереді.

108. Осы Қағидалардың 104-тармағында белгіленген мерзімде келіп түскен шағымды қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы осы Қағидалар бұзылып қабылданған шешімдерді жарамсыз деп тану не шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

109. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының шешімімен келіспеген жағдайда әлеуетті өнім беруші өз қалауы бойынша жоғары тұрған органға шағымданады, жоғары тұрған органның шешімімен келіспеген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шағымданады.

## **2-параграф. Шағым беру тәртібі**

110. Бірыңғай дистрибьютордың, комиссияның, бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органына берілетін шағымда мыналар қамтылады:

- 1) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасалған заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері;
- 2) шағым берген тұлғаның атауы, орналасқан жері;
- 3) осы Қағидалар бұзылған конкурс туралы мәліметтер;
- 4) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының немесе заңды тұлғаның заңды мүдделерінің бұзылуының немесе бұзылу қаупінің мәні, бірыңғай дистрибьютордың, комиссияның, бірыңғай оператордың шағым жасалатын әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері.

Шағымға шағым берген тұлғаның дәлелдерін растайтын құжаттар қоса беріледі.

111. Шағымға оны берген тұлға немесе оның өкілі қол қояды.

Өкіл берген шағымға сенімхат немесе өкілдің өкілеттіктерін куәландыратын өзге құжат қоса беріледі.

112. Егер:

- 1) шағым осы Қағидалардың 110-тармағына сәйкес келмесе;
- 2) шағымға қол қойылмаса не қол қоюға өкілеттігі жоқ адам қол қойса, шағым келіп түскен күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде оны берген тұлғаға қаралмай қайтарылады.

Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық

бұйымдарды есепке алу және  
өткізу жөніндегі көрсетілетін  
қызметтерді сатып алу  
қағидаларына  
1-қосымша

**Баға ұсынысының нысаны (дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау бойынша)**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Сақтау паллета-орындардың жоспарлы саны, тасымалдау үшін километрлердің болжамды саны, тиеу-түсіру жұмыстарының норма-сағаттарының болжамды саны.

Лот №

Өңір:

Автокөлік санаты	Болжамды арақашықтық, километр	ҚҚС есебінсіз жоспарлы баға теңге/километр	Сомасы, ҚҚС есебінсіз теңге
1-санат, сыйымдылығы 1-ден 4 паллета-орынға дейін			
2-санат, сыйымдылығы 5-тен 10 паллета-орынға дейін			
3-санат, сыйымдылығы 11-ден 20 паллета-орынға дейін			
4-санат, сыйымдылығы 21 паллета-орыннан астам			
			Жиыны:
Қойма аймақтары	Паллета-орындардың жоспарлы саны, дана	Жоспарлы баға теңге/паллета-орындар/айда ҚҚС есебінсіз	Сомасы, ҚҚС есебінсіз теңге
Арнайы температуралық режимсіз сақтау (+15+25 Цельсий градусы)			
Арнайы температуралық режимде сақтау (+2+8 Цельсий градусы)			
Арнайы температуралық режимде сақтау (+8+15 Цельсий градусы)			
Арнайы температуралық режимде сақтау (-15 -20 Цельсий градусы және одан төмен)			

Норма-сағаттар санаты	Б о л ж а м д ы норма-сағаттар саны	Жоспарлы баға теңге/ ҚҚС есебінсіз норма-сағат	Жиыны: Сомасы, ҚҚС есебінсіз теңге
1-санат - 0,5 сағат			
2-санат - 1 сағат			
3-санат - 1,5 сағат			
4-санат - 3 сағат			
			Жиыны:

Мен (Біз) Сіздің төлем шарттарыңызбен келісемін(міз). Әлеуетті өнім беруші: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ ҚҚС төлеуші болып табылады.

Ескертпе: әлеуетті өнім беруші жалпы бағаның құрамдас бөліктерін көрсетпейді, бұл ретте осы жолда көрсетілген бағаны Комиссия әлеуетті өнім берушінің барлық шығындарын ескере отырып айқындалған ретінде қарайды.

\*ҚҚС – қосылған құн салығы

Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына  
1-1-қосымша

**Баға ұсынысының нысаны (дәрілік заттарды тасымалдау, медициналық бұйымдарды тасымалдау бойынша)**

Ескерту. Қағидалар 1-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лот №

Өңір:

--	--	--	--

Автокөлік санаты	Болжамды арақашықтық, км	ҚҚС есебінсіз жоспарлы баға теңге/км	Сомасы, ҚҚС есебінсіз теңге
1-санат ( $\leq 1,5$ тонна, сыйымдылығы 1-ден 4 паллета-орынға дейін			
2-санат ( $\leq 5$ тоннаға дейін , сыйымдылығы 5-тен 10 паллета-орынға дейін			
3-санат ( $\leq 10$ тонна, сыйымдылығы 11-ден 20 паллета-орынға дейін			
4-санат 10 тоннадан астам, сыйымдылығы 21 паллета-орыннан астам			
			Жиыны:

Мен (Біз) Сіздің төлем шарттарыңызбен келісемін(міз). Әлеуетті өнім беруші: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ ҚҚС төлеуші болып табылады.

Ескертпе: әлеуетті өнім беруші жалпы бағаның құрамдас бөліктерін көрсетпейді, бұл ретте осы жолда көрсетілген бағаны Комиссия әлеуетті өнім берушінің барлық шығындарын ескере отырып айқындалған ретінде қарайды.

\*ҚҚС – қосылған құн салығы

Бірыңғай дистрибьютордың  
тегін медициналық көмектің  
кепілдік берілген көлемі,  
қылмыстық-атқару  
(пенитенциарлық) жүйесінің  
тергеу изоляторлары мен  
мекемелерінде ұсталатын  
адамдарға бюджет қаражаты  
есебінен медициналық көмектің  
қосымша көлемі шеңберінде  
және (немесе) міндетті  
әлеуметтік медициналық  
сақтандыру жүйесінде дәрілік  
заттар мен медициналық  
бұйымдарды сақтау және  
тасымалдау жөніндегі  
көрсетілетін қызметтерді,  
дәрілік заттар мен медициналық  
бұйымдарды есепке алу және  
өткізу жөніндегі көрсетілетін  
қызметтерді сатып алу  
қағидаларына  
1-2-қосымша

**Баға ұсынысының нысаны (дәрілік заттарды сақтау, медициналық бұйымдарды сақтау бойынша)**



Ескерту. Қағидалар 1-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лот №

Өңір:

Қойма аймақтары	Паллета-орындардың жоспарлы саны, дана	ҚҚС есебінсіз теңге/ паллета-орындар/ай жоспарлы баға	Сомасы, ҚҚС есебінсіз теңге
Арнайы температуралық режимсіз сақтау (+15+25 Цельсий градусы )			
Арнайы температуралық режимде сақтау (+2+8 Цельсий градусы)			
Арнайы температуралық режимде сақтау (+8+15 Цельсий градусы)			
Арнайы температуралық режимде сақтау (-15 -20 Цельсий градусы және одан төмен)			
			Жиыны:

Мен (Біз) Сіздің төлем шарттарыңызбен келісемін(міз). Әлеуетті өнім беруші: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ ҚҚС төлеуші болып табылады.

Ескертпе: әлеуетті өнім беруші жалпы бағаның құрамдас бөліктерін көрсетпейді, бұл ретте осы жолда көрсетілген бағаны Комиссия әлеуетті өнім берушінің барлық шығындарын ескере отырып айқындалған ретінде қарайды.

\*ҚҚС – қосылған құн салығы

Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды есепке алу және

**Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды немесе медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметке № \_\_\_\_\_ үлгі шарт**

**Ескерту. 2-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Астана қаласы

"\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

"СҚ-Фармация" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі "Бірыңғай дистрибьютор" деп аталатын \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ тұлғасында, бір тараптан, және " \_\_\_\_\_ " бұдан әрі "Орындаушы" деп аталатын \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ тұлғасында, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталып, ал жеке-жеке "Тарап" деп аталып, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 127 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33071 болып тіркелген) сәйкес \_\_\_\_\_ жыл(дарға) арналған \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ конкурстың қорытындысы туралы хаттаманың негізінде, \_\_\_\_\_ жылға арналған Дәрілік заттарды немесе медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызмет көрсетудің осы шартын (бұдан әрі – Шарт) төмендегілер туралы жасасты:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **1. Шартта қолданылатын терминдер мен қысқартулар**

1. Шартта төменде санамаланған ұғымдар мен қысқартулар мынадай мағынаға ие:

1) қаржы жылы – Шартты орындау жүзеге асырылатын күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталатын және 31 желтоқсанында аяқталатын уақыт кезеңі;

2) тауар – дәрілік заттар (ДЗ), оның ішінде құрамында есірткі құралдары мен психотроптық заттар, медициналық бұйымдар (МБ), Шарт бойынша Орындаушы көрсететін қызмет шеңберінде сақтауға және тасымалдауға жататын гуманитарлық көмек түріндегі ДЗ, МБ;

3) сақтау – Орындаушының тауарды операциялық қоймада және Орындаушының көлік құралдарында тауардың сақталуын, тұтастығын, қауіпсіздігін, тиімділігін, сапасын, қоршаған ортаның зиянды факторларының әсерінен қорғалуын, қажетті температуралық режимнің сақталуын, Қазақстан Республикасының заңнамасында тауарды сақтау шарттарына қойылатын талаптардың сақталуын, Шартта көзделген жағдайларда тауарды Орындаушыға берген сәттен бастап және Орындаушы оны Алушыларға немесе Орындаушыларға немесе Бірыңғай дистрибьюторға немесе Өнім берушілерге берген сәтке дейін контаминацияны, айқаспалы контаминацияны, қайта сұрыптауды болдырмауды қамтамасыз ететін жағдайларда сақтау. Арнайы температуралық режимде сақтау: суық +2 - +8 С<sup>0</sup>, мұздату -15 -20 С<sup>0</sup>, салқын +8 - +15 С<sup>0</sup>; арнайы температуралық режимсіз +15 - +25 С<sup>0</sup>;

4) тасымалдау – Орындаушының тауарды олардың сақталуын және тұтастығын, қоршаған орта факторларының әсерінен қорғалуын, қажетті температуралық режимді (сақтау шарттарын) сақтауды, сондай-ақ контаминацияны, қайта сұрыптауды, бұрмалауды болдырмауды қамтамасыз ететін жағдайларда көлік құралдарының көмегімен Шартқа сәйкес тасуы, орналастыруы және жеткізуі. Автокөлікпен тасымалдау үшін есептік бірлік ретінде рейс қашықтығы жүкпен бірге километрмен қолданылады. Көлік құралдарының санаттары: қоса алғанда 1,5 тоннаға дейін (сыйымдылығы 1-ден 4 паллета-орынға дейін) – 1-санат, қоса алғанда 5 тоннаға дейін (сыйымдылығы 5-тен 10 паллета-орынға дейін) – 2-санат, қоса алғанда 10 тоннаға дейін (сыйымдылығы 11-ден 20 паллета-орынға дейін) – 3-санат, қоса алғанда 10 тоннадан астам (сыйымдылығы 21 паллета-орыннан астам) – 4-санат – тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде);

5) жеткізу пункті – Бірыңғай дистрибьютор мен Алушының немесе басқа Орындаушының арасында жасалған шартқа және (немесе) Бірыңғай дистрибьютордың жөнелтуге рұқсат қағазына сәйкес Орындаушының тауарды жеткізу орны;

6) Қағидалар – Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық

бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу " Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 15-2) тармақшасына сәйкес қағидалары;

7) ДЗ, МБ сатып алу қағидалары – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 15-2) тармақшасына сәйкес қағидалары ;

8) Өнім беруші – ДЗ, МБ сатып алу қағидаларына сәйкес Бірыңғай дистрибьютормен тауарды беру шартын жасасқан тұлға;

9) Алушы – оның атына немесе одан тауарды бөлу орталығынан/Орындаушының операциялық қоймасынан тиеп-жөнелту немесе қайтару жүзеге асырылатын тұлға;

10) басқа Орындаушы – Бірыңғай дистрибьютормен басқа әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетуге шарт жасасқан тұлға;

11) әкімшілік-аумақтық бірлік – облыс, астана, республикалық маңызы бар қала;

12) БФАЖ – құқық иесі Бірыңғай дистрибьютор болып табылатын "СҚ-Фармация сервер" бірыңғай фармацевтикалық ақпараттық жүйесі" ақпараттық жүйе;

13) бастапқы құжаттар – салық заңнамасына сәйкес шот-фактуралар және (немесе) электрондық шот-фактуралар, тауар-көлік жүкқұжаттары, жол парақтары, қорларды басқа жаққа босатуға арналған жүкқұжаттар, тауарлардың орнын ауыстыруға жүкқұжаттар, тауарды қабылдау-беру актілері, буып-түю парақтары, сенімхаттар, тауарларды шығаруға (есептен шығаруға) арналған актілер, тауарларды кіріске алу, орындалған жұмыстардың (дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілген қызметтердің) актілері;

14) паллета-орын – бір паллетаны сақтаудың көрсетілетін қызметі үшін есептік бірлік, мұндағы паллета – жүктерді жинау, сақтау, қайта тиеу және тасымалдау үшін негіз ретінде пайдаланылатын, қатты алаңы және ірілендірілген жүк бірлігін құру үшін жеткілікті орны бар, МЕМСТ 9557-87 сәйкес мөлшері 800 миллиметр де 1200 миллиметр тасымалдайтын ыдыс;

15) арна – Интернет арқылы Бірыңғай дистрибьютор мен Орындаушының қашықтағы компьютерлері арасындағы қорғалған байланыс арнасы;

16) FEFO қағидасы – бірінші кезектегі тәртіппен жарамдылық мерзімі ең аз қалған тауарды босату;

17) алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18) тиеу-түсіру жұмыстары – Орындаушының сақтау және тасымалдау бойынша қызмет көрсету үдерісіндегі іс-қимылы, оның ішінде тауардың сандық (сериялық) есебін жүргізу, тауарды Орындаушының / Өнім берушінің / Алушының қоймасында (қайтару кезінде) / уақытша сақтау қоймаларында қабылдау, түсіру және қайта есептеу, тауарды сақтауға орналастыру, қажет болған кезде – тауардың қаптамасын стикерлеу және қаптамаға медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты салу, тауарды тиеуге/ орнын ауыстыруға арналған жиынтықтау (жинау), палеттеу (тиеуге дайындау), жөнелту алдында жүкті таңбалау, көлікке тиеу, жеткізу пунктінде түсіру, бастапқы құжаттарды ресімдеу және сүйемелдеу (қол қою). Көрсетілген әрекеттер Орындаушының күшімен және шығыс материалдарымен орындалады;

19) норма-сағат – жұмыстарды орындау уақытының бірлігі, тиеу-түсіру жұмыстары үшін есептік бірлік, автокөліктің жүк көтерімділігіне байланысты: 1-санат – 1,5 тоннаға дейін қоса алғанда – 0,5 сағат, 2-санат – 5 тоннаға дейін қоса алғанда – 1 сағат, 3-санат – 10 тоннаға дейін қоса алғанда – 1,5 сағат, 4-санат – 10 тоннадан астам – 3 сағат.

20) жөнелтуге рұқсат қағазы – Орындаушыға тауарларды Алушыларға / басқа Орындаушыларға тиіп жөнелту (жөнелтуге рұқсат қағазы) немесе орнын ауыстыру (орнын ауыстыруға рұқсат қағазы) туралы БФАЖ немесе электрондық пошта арқылы көрсету; Өнім берушіге – тауарларды Бірыңғай дистрибьюторға беру туралы (жеткізуге рұқсат ету) көрсету. Жөнелтуге рұқсат қағазында Бірыңғай дистрибьютордың прайс-парағына сәйкес тауар, оның саны мен жеткізу мекенжайы туралы ақпарат бар;

21) қойманы басқару жүйесі – қойманың бизнес-үдерістерін автоматты басқаруды бағдарламалық қамтамасыз ету;

22) көлік құралдары қозғалысының бағдар жоспары – Орындаушының көлік құралдарының Алушыға дейінгі белгіленген жүру жолдары: айына рейстердің жиілігін, маршруттың нөмірін, тауарды аптасына жөнелту күндерін көздейді.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2. Шарттың нысанасы**

2. Орындаушы Орындаушының операциялық қоймасын пайдалана отырып, Бірыңғай дистрибьюторға, Шартқа 2-қосымшада аталған Бірыңғай дистрибьютордың алушыларына, басқа Орындаушыларға Шартқа 1-қосымшада аталған тауарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметті Бірыңғай дистрибьюторға көрсетеді, ал Бірыңғай дистрибьютор сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметті (бұдан әрі – Қызмет) қабылдайды және оны Орындаушыға Шартта көзделген тәртіппен төлейді.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Шарттың ажырамас бөлігі мынадай қосымшалар болып табылады:

- 1) Шартқа 1-қосымша – тауардың тізбесі мен саны;
- 2) Шартқа 2-қосымша – Бірыңғай дистрибьютордың алушыларының тізбесі және олардың мекенжайлары;
- 3) Шартқа 3-қосымша – қызметтің нақты құны.
- 4) Шартқа 4 қосымша – көлік құралдары қозғалысының бағдар жоспары.

4. Орындаушының операциялық қоймасы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне, GDP тиісті дистрибьюторлық практика стандартына, сондай-ақ Қағидалардың ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3. Шарттың бағасы және төлеу тәртібі**

5. Қосылған құн салығын есепке ала отырып Шарттың Бағасы \_\_\_\_\_ (жазбаша) теңге \_\_\_\_\_ (жазбаша) тиынды құрайды. Шарттың Бағасы қызметтің нақты көрсетілген көлемін ескере отырып, тоқсанына кемінде бір рет түзетілуге тиіс.

Қызметтің нақты құны шартқа 3-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Сақтау үшін нақты ақы төлеу күнтізбелік айдағы паллета-орындардың күнделікті санының орташа мәні бойынша паллета-орындардың жоспарлы санының кемінде 70% мөлшерінде төмендемейтін паллета-орын резервін ескере отырып жүзеге асырылады.

Күнтізбелік айда паллета-орындардың санын есептеуді Орындаушы тауарды күнделікті сақтау көлемінің негізінде мынадай формула бойынша қалыптастырады:  $S1 = \text{саны (қаптама)} * \text{қайталама қаптаманың көлемі, м}^3 * 125\% * 125\% / 0,96 \text{ м}^3$ ;  $S2 = \text{саны (қаптама)} * \text{қайталама қаптаманың көлемі, м}^3 * 125\% / 0,96 \text{ м}^3$ ; мұндағы  $S1$  – арнайы температуралық режимі бар паллета-орындардың саны (+2+8 Co; +8+15 Co; -15 Co және одан төмен),  $S2$  – арнайы температуралық режимсіз паллета-орындар (+15+25 Co). Стандартты паллетаның өлшемдері 0,8 м x 1,2 м, жүктеу биіктігі 1 метр сақтау көлемі  $0,96 \text{ м}^3$  құрайды; стандартты көліктік қаптамаға үстеме – 125%, термолабильді өнім үшін салқындататын кейстерге үстеме – 125%.

Күнтізбелік айдағы паллета-орындардың санын есептеуді Орындаушы БФАЖ-бен интеграцияланғаннан кейін қойманы басқару жүйесінің көмегімен қалыптастырады.

Норма-сағаттарды және автокөлік құралдарымен жүріп өткен қашықтықты анықтау үшін Орындаушының рейстерін есептеуді Орындаушы БФАЖ-бен интеграцияланғаннан кейін көлікті басқару жүйесінің көмегімен қалыптастырады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Бірыңғай дистрибьютор Орындаушыға Тараптар орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойған және Орындаушы бастапқы құжаттарды толық көлемде ұсынған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей ақы төлеуді жүргізеді.

7. Қызметке ақы төлеуді Бірыңғай дистрибьютор Шартта көзделген Орындаушының банктік шотына ақшаны аудару жолымен теңгемен жүргізеді.

#### **4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

8. Орындаушы:

1) Бірыңғай дистрибьютор атынан Өнім берушіден/ басқа Орындаушыдан/ Алушыдан операциялық қоймаға тауарды қабылдауды жүзеге асыруға;

2) тауарды Алушыға/Өнім берушіге/басқа Орындаушыға беру сәтіне дейін Шартқа сәйкес сақтауға;

3) тауарды сериялық есепке алуды, оның ішінде БФАЖ-да: тауардың кірісі мен шығысын тұрақты есепке алу, Орындаушының операциялық қоймасында тауарды тоқсан сайын түгендеуді жүзеге асыруға;

4) операциялық қоймадан тауарды тасымалдауды: тиеу үшін жинақтау мен жиынтықтауды, тиеу-түсіру жұмыстарын, жеткізу пункттеріне жеткізуді және қабылдау-беру актілері бойынша Алушыларға немесе басқа Орындаушыларға беруді, қажет болған кезде – Алушылардан тауарды бөлу орталығына қайтаруды жүзеге асыруға;

5) GDP тиісті дистрибьюторлық практика стандартында белгіленген талаптарды сақтауға;

6) үнемі бастапқы құжаттардың қағаз және электрондық тізілімін жүргізуге;

7) ай сайын – есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмасыншы) күнінен кешіктірмей қабылдау-беру актісі бойынша бастапқы құжаттарды Бірыңғай дистрибьюторға беруге;

8) Қызмет көрсету мерзімі аяқталғаннан кейін қалған тауарды қабылдау-беру актісіне қол қою арқылы Қызмет көрсетудің келесі кезеңіне басқа Орындаушы атынан Бірыңғай дистрибьюторға қайтару, ал Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда басқа Орындаушыларға қайтаруға;

9) Бірыңғай дистрибьютордан алынған, сондай-ақ Қызмет көрсету процесінде жасалған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының

заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, олардың мазмұнын Бірыңғай дистрибьютордың келісімінсіз жария етпеуге;

10) 24 (жиырма төрт) сағат ішінде Бірыңғай дистрибьюторға Қызмет көрсетуге кедергі келтіретін мән-жайлар, сондай-ақ оларды жою үшін Орындаушы қабылдайтын шаралар туралы жазбаша хабарлауға;

11) "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес операцияны немесе оқиғаны жасау аяқталғаннан кейін есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне дейін ай сайын Бірыңғай дистрибьюторға қабылдау-беру актісі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген нысан бойынша орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілерін және салық заңнамасына сәйкес электрондық шот-фактураларды ұсынуға. Көрсетілген көлік қызметтері бойынша растайтын құжаттар ретінде орындалған жұмыстар актісімен бір мезгілде ұсынылатын жол парақтары болып табылады;

12) сапасыз немесе уақытынан кешігіп көрсетілген Қызмет салдарынан туындаған Қызмет кемшіліктерін өз есебінен жоюға;

13) Қызмет көрсету кезінде Бірыңғай дистрибьюторға келтірілген залалды өтеуге;

14) алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15) уәкілетті ұйыммен берілген тауардың сапасы және қауіпсіздігі туралы қорытындылардың қолданылу мерзімін бақылауды жүзеге асыруға. Күнтізбелік 45 (қырық бес) күн бұрын Бірыңғай дистрибьюторға тауардың жарамдылық мерзімінің және тауардың қауіпсіздігі мен сапасы туралы қорытындылардың қолданылу мерзімінің өтуі туралы хабардар етуге, сондай-ақ Өнім берушіге тауардың қауіпсіздігі туралы қорытындының қолданылу мерзімінің аяқталуы туралы ақпаратты Өнім берушілермен беру шарттарында және тиісінше Шартта көрсетілген олардың электронды мекенжайларына жіберуге;

16) бірыңғай дистрибьюторға операциялық қоймаға кедергісіз кіруді, сондай-ақ Шарттың орындалуын қадағалау үшін Қызмет көрсетумен байланысты құжаттарға кедергісіз қол жеткізуді ұсынуға;

17) ерекше жағдайларда денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның шешімі/тапсырмасы бойынша Алушыларды тауармен уақтылы және үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында Бірыңғай дистрибьютордың жазбаша талабымен Шартта көзделмеген тауарды сақтауға және тасымалдауға қабылдау;

18) Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Шарт бойынша Орындаушыға берілген мөрді Бірыңғай дистрибьюторға қайтаруға;

19) тауарды БФАЖ-да электрондық есепке алуды жүргізуге, ол үшін Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Интернет арқылы Бірыңғай



дистрибьютордың байланыс арнасы бойынша БФАЖ серверіне қосылу, шартқа қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде БФАЖ-бен жұмыс бойынша нұсқама жүргізу үшін Бірыңғай дистрибьютордың қызметкерлерін тарта отырып, Орындаушының қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыру, БФАЖ-да пайдаланушының әрбір авторизациялау кезінде Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы берген заңды тұлғаның қолданыстағы тіркеу куәлігін пайдалануға. Қажет болған кезде БФАЖ-да көзделмеген бизнес-үдерістерді автоматтандыру бағдарламалық құрылғының көмегімен өз ақпараттық жүйесінде немесе қойманы басқару жүйесінде тауарды қосарлы электрондық есепке алуды жүргізуге;

20) Шарттың қолданылу мерзімі ішінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін, GDP тиісті дистрибьюторлық практика стандартының талаптарын сақтауға;

21) денсаулық сақтау ұйымының жазбаша өтініші және бірыңғай дистрибьютордың өтінімі бойынша тауарды әуе көлігімен тасымалдауды жүзеге асыруға. Бұл ретте келтірілген шығыстар авиатасымалдаушының бағасы бойынша нақты бағаға енгізіледі;

22) қол қойылған қабылдау-беру актісіне сәйкес Тапсырыс берушілерге тауарды жөнелту/өткізу фактісінен кейін күнтізбелік 10 күн ішінде БФАЖ "тиеп-жөнелту" модулінде "пысықталған" соңғы мәртебесіне ауыстыруға;

23) "Қазақтелеком" АҚ-мен тауарды таңбалау мен қадағалаудың ақпараттық жүйесіне қосылуға үлгі шарт жасауға;

24) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № КР ДСМ-11 бұйрығымен бекітілген Дәрілік заттарды таңбалау мен қадағалау және медициналық бұйымдарды таңбалау Қағидаларын ұстануға;

25) қойманы басқару жүйесінің болуын және жұмысын қамтасыз етуге;

26) қойманың басқару жүйесін Бірыңғай дистрибьютордың ақпараттық жүйесімен интеграциялауды қамтамасыз етуге;

27) көлік құралдарының спутниктік мониторингі жүйесінің болуын және жұмысын қамтасыз етуге;

28) көлік құралының орналасқан жері туралы деректерді жинауды және сақтауды қамтамасыз етуге;

29) Алушыларға тауарды тасымалдаудың тиімді және ресурс үнемдейтін логистикалық тізбегін, оның ішінде тасымалданатын тауар көлеміне көлік құралын оңтайлы іріктеуді қамтамасыз етуге;

30) алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024

№ 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Орындаушының құқығы бар:

- 1) Шарт шеңберінде Қызмет көрсету тәсілдерін өз бетінше анықтауға;
- 2) Шарттың талаптарын орындау үшін қажетті ақпаратты алуға;
- 3) Бірыңғай дистрибьютордан Шарт талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметке ақы төлеуді талап етуге құқығы бар.

10. Бірыңғай дистрибьютор:

- 1) Орындаушыға Қызмет көрсетуге қажетті барлық ақпаратты беруге;
- 2) Шартты орындау үшін Орындаушыға қажетті көмек көрсетуге;
- 3) Шарт талаптарына сәйкес Қызметке уақытылы ақы төлеуді жүргізуге;
- 4) Орындаушыға БФАЖ-да Бірыңғай дистрибьютордың Өнім берушілермен және Алушылармен жасасқан шарттары және оларға қосымша келісімдері, сондай-ақ жеткізу /жөнелту кестелері туралы ақпарат ұсынуға;

5) Орындаушыға қабылдау-беру актісі бойынша "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы №\_\_\_ Шарт бойынша шот-фактуралар, актілер және жүкқұжаттар үшін "\_\_\_\_\_ үшін" деген жазуы бар мөрдін \_\_\_\_\_ бірлігін беруге;

6) Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде Орындаушыға Шарттың қолданылу мерзіміне Орындаушының қызметкерлеріне ауысу құқығымен тиісінше рәсімделген сенімхат беруге;

7) Орындаушыға кемінде Шарттың орындалуын қадағалау басталардан 8 (сегіз) жұмыс сағаты бұрын Бірыңғай дистрибьютордың қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті жұмыскерлерінің тізімін бере отырып, операциялық қоймада қадағалау жүргізу туралы жазбаша хабарлама беруге міндеттенеді.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Бірыңғай дистрибьютордың:

1) Орындаушының Шарт талаптарын, оның ішінде тауардың болуын, оны Орындаушының операциялық қоймада және көлік құралдарында сақтау талаптарын орындауына қадағалауды жүзеге асыруға;

2) Орындаушыдан Шарттың орындалуы туралы барлық ақпаратты алуға;

3) Орындаушыға Шарт шеңберінде берілген барлық құжаттарды, мөрлерді, сенімхаттарды, хаттарды, Бірыңғай дистрибьютордың меншігі болып табылатын өзге де құжаттар мен заттардың қайтарылуын талап етуге;

4) кез-келген уақытта Орындаушыдан Қызмет көрсетудің барысы туралы жазбаша есеп сұратуға;

5) ауызша/жазбаша тәртіпте Орындаушыдан тауардың орнын ауыстыруды/жөнелтуді/қайтаруды жүзеге асыруды талап етуге;

б) Қызмет көрсетуде Орындаушы жіберген кемшіліктерді анықтауға және оларды белгіленген мерзімде жоюды талап етуге құқығы бар.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **5. Тауарды қабылдау**

12. Орындаушы Шартқа, Бірыңғай дистрибьютор мен Өнім берушілер немесе басқа Орындаушылар арасында жасалған шарттарға сәйкес операциялық қоймада Өнім берушілерден, басқа Орындаушылардан тауарды қабылдауды жүзеге асырады. Егер беру шартында тауарды өз күшімен әкету немесе кеден қоймасына, астананың немесе республикалық маңызы бар қалалардың халықаралық әуежайына жеткізу көзделсе, Орындаушы тауарды Өнім берушінің қоймасында немесе кеден қоймасында немесе халықаралық әуежайда қабылдауды, Орындаушының көлік құралына тиеуді және Орындаушының қоймасына тасымалдауды жүзеге асырады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Тауардың әрбір партиясын қабылдаған кезде Орындаушы Өнім берушілерден/басқа Орындаушылардан бастапқы құжаттарды талап етуге міндетті.

14. Орындаушы тауарды Өнім берушілерден қабылдайды және оны Орындаушының қоймасына түсірген (ТЖЖ жүктің келгені туралы белгі қойылған күн) және өнім беруші/басқа Орындаушы тауарға бастапқы құжаттарды ұсынған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдау-беру актісіне қол қояды.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Тауарды қабылдау кезінде Орындаушы стандарттарда, техникалық шарттарда, технологиялық нұсқаулықтарда, нұсқаулықтарда, тауардың жекелеген түрлерін сақтау қағидаларында, өзге де міндетті арнайы нормативтік құжаттарда белгіленген, сондай-ақ іскерлік айналым дәстүрлеріне және сақтау жөніндегі міндеттемелердің мәніне, оның ішінде сақтауға берілген тауардың қасиеттеріне сәйкес келетін барлық шараларды қабылдауға міндетті.

GDP стандартына сәйкес Орындаушы тауарды қабылдау кезінде тәуекелдерді бағалауды жүзеге асыру, қайтарылған, қайтарып алынған, қабылданбаған, сапасыз деп танылған, жалған дәрілік заттарға қатысты шешімдер қабылдау, дәрілік заттардың сатуға жарамды санатқа қайтарылуын мақұлдау үшін дәрілік заттардың тиісті дистрибьюциясы саласында қажетті біліктілігі, тәжірибесі және білімі бар сапа бойынша жауапты адамды тағайындайды.

16. Тауарды қабылдау кезінде Орындаушы оны қарайды: тауардың санын, сыртқы жай-күйін, бастапқы және өзге де ілеспе құжаттарға, рұқсат қағазға, Өнім берушінің Бірыңғай дистрибьютормен шартына сәйкестігін, сондай-ақ Өнім берушінің температуралық режим бойынша талаптарды сақтауы тұрғысынан айқындайды.

Бастапқы құжаттарға, оның ішінде тауардың саны бойынша сәйкес келмейтін тауар жеткізілген жағдайда, сондай-ақ Өнім беруші толық емес немесе тиісті түрде ресімделмеген бастапқы құжаттарды ұсынған жағдайда, Орындаушы бұл туралы Өнім берушіні және (немесе) басқа Орындаушыны және Бірыңғай дистрибьюторды бұзушылықтарды егжей-тегжейлі сипаттай отырып, жазбаша хабардар етуге және Өнім беруші/басқа Орындаушы көрсетілген бұзушылықты өнім беру Шартында көзделген мерзімдерде жойғанға дейін тауарды карантин аймағына жіберуге міндетті.

Тауар сапасының жоғалуына күдікті тауар жеткізілген жағдайда, оның ішінде сақтаудың арнайы температуралық жағдайларын талап ететін дәрілік заттарды тасымалдау кезінде сақтау шарттарының бұзылғаны анықталған жағдайда, Орындаушы тауарды тиісті сақтау шарттары бар карантин аймағына дереу жіберуге, ол туралы Бірыңғай дистрибьюторды, Өнім берушіні және (немесе) басқа Орындаушыны, сондай-ақ бұзушылықты егжей-тегжейлі сипаттай отырып және осы жеткізілім бойынша өзіне белгілі өзге де мәліметтерді көрсете отырып, Өндірушіні және (немесе) тіркеу куәлігін ұстаушыны жазбаша хабардар етуге тиіс. Орындаушының сапа бойынша жауапты тұлғасы GDP стандартына сәйкес қажетті шараларды, оның ішінде жеткізу бойынша қажетті ақпаратты жинауды, ұсынылған дәлелдемелердің олардың тиісті жағдайларда сақталғаны және тасымалданғаны тәуекелін бағалауды жүзеге асырады. Орындаушы дәрілік заттарды карантин аймағынан өткізуге жарамды санатқа қайтару туралы шешімді немесе өзге де шешімді көрсете отырып, тәуекелдерді бағалау нәтижелері туралы Өнім берушіні және (немесе) басқа Орындаушыны, Бірыңғай дистрибьюторды, сондай-ақ Өндірушіні және (немесе) тіркеу куәлігін ұстаушыны жазбаша хабардар етеді.

17. Тауар қаптамасының жасырын ақаулары (соғылуы, ақауы, кем шығуы) және өзге де кемшіліктері анықталған жағдайда, анықталған сәттен бастап Орындаушы 24 (жиырма төрт) сағат ішінде Бірыңғай дистрибьютордың Өнім берушіге шағым беруі үшін жасырын ақаулар (соғылуы, ақауы, кем шығуы) және тауар қаптамасының өзге де кемшіліктері анықталғанын растайтын барлық құжаттарды қоса бере отырып, Бірыңғай дистрибьюторды жазбаша хабардар етуге міндетті.

18. Орындаушы тауарды оның қалған жарамдылық мерзімі бойынша ДЗ, МБ сатып алу қағидаларының ережелеріне сәйкес қабылдауға міндетті.

19. Тауарды қабылдау Бірыңғай дистрибьютордың орнын ауыстыруға жөнелтуге рұқсат қағазында немесе жүкқұжатта көрсетілген мөлшерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс

20. Орындаушының Өнім берушімен/басқа Орындаушымен қабылдау-беру актісіне қол қойған күні тауарды қабылдау күні болып есептеледі.

21. Тауарды қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Орындаушы кіріс құжаттары бойынша деректерді БФАЖ-ға енгізуге міндетті. БФАЖ-ға енгізілген кіріс құжатының күні қабылдау-беру актісінің күніне сәйкес келуі тиіс.

Орындаушы қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен кейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей Өнім берушіден қағаз жеткізгіштегі шот-фактураны немесе электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы жазып берілген баспа нысандағы электрондық шот-фактураны талап етуге міндетті. Өнім беруші ұсынған шот-фактуралар салық заңнамасының талаптарына сәйкес болуы тиіс. Орындаушы Өнім берушіден тиісті ресімделген шот-фактураларды алу үшін қажетті іс-шараларды жүргізеді. Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы жазып берілген баспа нысандағы электрондық шот-фактурада айналым жасалған күн қабылдау-беру актісіне қол қойылған күнге сәйкес келуге тиіс. Өнім беруші шот-фактураны қағаз тасығышта немесе электрондық шот-фактураны баспа нысанында ұсынған күннен бастап Орындаушы 1 (бір) жұмыс күні ішінде шот-фактураны кіріс құжаттарымен салыстырып тексеруге және қажетті деректерді БФАЖ-ға енгізуге міндетті.

22. Қол қойылған құжаттар тауарды беру орнында тауарды қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей Өнім берушіге/басқа Орындаушыға берілуге тиіс. Орындаушының тауарды қабылдау туралы құжаттарын тексергеннен және қол қойғаннан кейін Өнім берушіге/басқа Орындаушыға арналған құжаттардың даналарын соңғылары Орындаушыдан қолма-қол және өз есебінен алады.

## **6. Тауарды сақтау**

23. Орындаушы денсаулық сақтау саласындағы, дәрілік заттар айналымы саласындағы заңнамаға және тауарды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес тауардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

24. Орындаушы тауардың сериялық есебін ұйымдастырады және тауар қорының қалдықтарына күнделікті бақылауды жүзеге асырады.

25. Орындаушы әрбір күнтізбелік тоқсанның соңына тауарды түгендеуді жүзеге асыруға міндетті.

26. Тауардың жоғалғаны немесе бүлінгені анықталған жағдайда Орындаушы бұл туралы Бірыңғай дистрибьюторды жоғалған немесе бүлінген тауардың санын көрсете отырып, тауардың шығуына (есептен шығаруға) арналған актіні қоса бере отырып, 24 (жиырма төрт) сағаттан кешіктірмей жазбаша хабардар етуге міндетті. Тауардың

жоғалғаны немесе бүлінгені туралы хабарланған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Орындаушы тауардың шығуы (есептен шығару) актісін БФАЖ-ға енгізуге міндетті.

27. Бірыңғай дистрибьютордың талап етуі бойынша Орындаушы жоғалған / бүлінген тауардың құнын Бірыңғай дистрибьютордың прайс-парағы бойынша өтеуге немесе мұндай тауарды жоғалтқан немесе бүлінген тауардың жарамдылық мерзімінен кем болмайтын жарамдылық мерзімі бар, тауардың жоғалғаны немесе бүлінгені анықталған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде сол саудалық атауымен бірдей тауарға ауыстыруды жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте Орындаушы қорларды кіріске алу туралы актіні БФАЖ-ға енгізуге міндетті. Кіріске алу туралы актіге Орындаушының тауарды сатып алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі

Тауарды жоғалту немесе бүлдіру Орындаушыны Алушыларға тауарды жеткізу мерзімдерін бұзумен көзделген тұрақсыздық айыбынан босатпайды.

## **7. Тауарды Алушыларға тасымалдау**

28. Шартқа қол қойылғаннан кейін Орындаушы күнтізбелік 10 күн ішінде Бірыңғай дистрибьюторға көлік құралдары қозғалысының бағдар жоспарын келісуге жіберуге міндетті.

Жоспардан тыс рейстерді Орындаушы оны Бірыңғай дистрибьютор келіскеннен кейін жүзеге асырады.

29. Орындаушы тауарды тасымалдауды денсаулық сақтау саласындағы, дәрілік заттар айналымы шеңберіндегі заңнамаларға және тауардың қолданылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырады.

30. Орындаушы Бірыңғай дистрибьютор атынан Алушыларға/басқа Орындаушыларға – Бірыңғай дистрибьютордың жөнелтуге рұқсат қағаздарына сәйкес және (немесе) Бірыңғай дистрибьютор Алушылармен жасасқан шарттарда кестеге сәйкес тауарды тасымалдауды жүзеге асырады. Бастапқы құжаттарды қалыптастыру және ресімдеу Орындаушының күшімен және қаражатымен жүзеге асырылады.

31. Орындаушы ДЗ, МБ сатып алу қағидалары талаптарына сәйкес қалған жарамдылық мерзімі бойынша Алушыларға тауарды тиеуге міндетті.

32. Орындаушы Алушыларға тауарды FEFO әдістемесі бойынша босатуды жүргізуге міндетті.

33. Тауарды Алушыға/басқа Орындаушыға беру кезінде тауарды қабылдауды жүзеге асыруға уәкілетті Алушының өкіліне сенімхат алу талап етіледі.

**34. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

35. Орындаушы көлік құралдары қозғалысының бағдар жоспарына және Бірыңғай дистрибьютордың Алушылармен шарттардағы кестеге сәйкес және (немесе) жөнелтуге рұқсат қағазымен тауарды жеткізу пунктіне тасымалдауды, оның ішінде тиеу-түсіру жұмыстарын жүзеге асыруға міндетті.

36. Орындаушы Өнім берушіден немесе басқа да Орындаушыдан Бірыңғай дистрибьютордың жөнелтуге рұқсат қағазында немесе Бірыңғай дистрибьютор мен Алушының арасындағы Шарттың 35-тармағында көрсетілген, тауарды алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде тауарды жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

37. Орындаушы мен Алушы / басқа Орындаушы арасындағы қабылдау-беру актісіне жеткізу пунктіне қол қойылған күн тауарды жеткізу күні болып есептеледі.

38. Орындаушының тауарға бастапқы құжаттар бойынша тауарлардың шығысы туралы деректерді БФАЖ-ға енгізуі Алушымен немесе басқа Орындаушымен қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылуы тиіс. БФАЖ бағдарламасында шығыс операциясының күні қабылдау-беру актісінің күніне сәйкес келуі тиіс.

39. Тауарды автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде Орындаушы тауар-көлік жүкқұжатын және жол парағын ресімдеуге міндетті. Рейстің басталу уақыты мен аяқталу уақыты туралы, сондай-ақ әрбір рейс бойынша жүгі бар автокөліктің жүріп өткен қашықтығы туралы ақпаратты Орындаушы БФАЖ-ға "Рейстер" модуліне рейс аяқталған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей енгізеді.

## **8. Шарттың орындалуына мониторинг жүргізу және есеп-қисап беру**

40. Қажет болған кезде Бірыңғай дистрибьютор Бірыңғай дистрибьютордың жұмыскерлерін операциялық қоймаға қадағалау жүргізуге уәкілетті Бірыңғай дистрибьютор жұмыскерлерінің лауазымын, тегін және атын көрсете отырып, жіберу арқылы Орындаушының Шарт талаптарын орындауын қадағалайды, мұндай қадағалау туралы Орындаушыны кемінде 8 (сегіз) жұмыс сағаты бұрын алдын ала жазбаша хабардар етеді. Қадағалау қорытындылары бойынша Тараптар қадағалау нәтижелері сипатталған акт жасайды және қол қояды, оның 1 (бір) данасы Орындаушыға тапсырылады.

**Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.12.2024 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

41. Орындаушы ай сайын – есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күнінен кешіктірмей қабылдау-беру актісі бойынша бастапқы құжаттарды Бірыңғай дистрибьюторға беруге міндетті;

42. Орындаушы Бірыңғай дистрибьюторға тоқсандық есепті есеп берілетін тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жазбаша нысанда ұсынады. Түгендеу бойынша Бірыңғай дистрибьюторға Орындаушының есебіне түгендеу тізімдемесі,

салыстыру ведомосы, есептен шығару актісі (кем шығу болған кезде), кіріске алу актісі (артық болған кезде), Орындаушының ілеспе хаты енгізіледі.

## **9. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету**

43. Тараптар жеке қаржы жылына шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушы Бірыңғай дистрибьюторға Орындаушының міндеттемелерін қамтамасыз ету тәсілі ретінде Шартта көрсетілген Бірыңғай дистрибьютордың банктік шотына ақша аудару жолымен Шарт бағасының 3% (үш пайызы) мөлшерінде кепілдік ақшалай жарнаны енгізуге немесе Бірыңғай дистрибьюторға оның жазбаша талабымен Шарт бағасының 3% (үш пайызы) мөлшерінде кепілдік қамтамасыз етуді төлеу міндеттемесі бар банк кепілдігін беруге міндетті.

44. Бірыңғай дистрибьютор Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелер мен өзара есеп айырысуларды толық орындағаннан кейін, Орындаушының жазбаша өтінішімен 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушыға кепілдік қамтамасыз етуді қайтаруды жүзеге асырады.

45. Бірыңғай дистрибьютор Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Орындаушыға:

- 1) Өнім беруші қызмет көрсетуден бас тартса;
- 2) Шарт Өнім берушінің бастамасымен бұзылса;
- 3) Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелерді орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Бірыңғай дистрибьютор шартты біржақты тәртіппен бұзса;
- 4) Шартта көзделген талаптарды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін айыппұл санкцияларын төлемеген жағдайларда қайтармайды.

## **10. Тараптардың жауапкершілігі**

46. Шарт талаптарын бұзғаны үшін Орындаушы Бірыңғай дистрибьютордың пайдасына мынадай санкцияларды төлейді:

1) Шартты орындаудан жазбаша бас тартқан кезде Шарт бағасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл;

2) Шартта, Бірыңғай дистрибьютор Өнім берушілермен немесе Алушылармен жасасқан шарттарда және (немесе) Бірыңғай дистрибьютордың жөнелтуге рұқсат қағаздарында көзделген тауарды қабылдау, орнын ауыстыру және (немесе) тасымалдау мерзімдері бұзылған кезде – мерзімі өткен әрбір күн үшін осындай тауардың бағасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ осындай тауар бағасының 5% (бес пайызынан) аспайтын тұрақсыздық айыбы. Тұрақсыздық айыбы Шартта көзделген шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамаған соңғы күннен кейінгі күннен бастап есептеледі және тиісінше орындамаған күнді қоса алғанда есептеледі;

3) есепті айда бастапқы құжаттарды, түгендеу туралы тоқсандық есепті Шартта көзделген мерзімдерде ұсынбағаны, уақтылы, толық немесе дұрыс ұсынбағаны үшін –



әрбір кешіктірілген күн үшін Шарт бағасынан 0,01% (нөл бүтін жүзден бір пайыз), бірақ Шарт бағасынан 1% (бір пайыздан) аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы;

4) Шарттың 27-тармағында айқындалған өтеу мерзімі бұзылған кезде жоғалған немесе бүлінген тауардың Бірыңғай дистрибьюторға жоғалған немесе бүлінген тауар сомасының 1% (бір пайызы) мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күн үшін, бірақ 10%-нан аспайтын тұрақсыздық айыбы;

5) бастапқы құжаттар бойынша тауардың кірісі немесе шығысы туралы дұрыс емес деректерді БФАЖ-ға енгізген кезде – Орындаушының түзетуге арналған әр өтінімі үшін 5 АЕК (бес айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде айыппұл;

6) Бірыңғай дистрибьюторға әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаға сәйкес айыппұл салынған жағдайда, Орындаушы әзірлеген құжаттар бойынша, соңғысы Бірыңғай дистрибьюторға мұндай айыппұлды өтейді;

7) Шарт бойынша қамтамасыз ету уақтылы немесе толық енгізілмеген жағдайда – Шарт құнының 1 (бір)% мөлшерінде айыппұл;

8) Бірыңғай дистрибьютордың жөнелтуге рұқсат қағазымен қабылданған тауар бойынша ұсынылмаған немесе қате ақпарат ұсынылған жағдайда – 5 АЕК (бес айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде айыппұл.

47. Шарт бойынша санкцияларды төлеуді Тараптар Шарт бойынша басқа Тараптың тиісті шотын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

48. Орындаушы айыппұлды немесе тұрақсыздық айыбын төлеуге арналған шотты төлемеген немесе уақтылы төлемеген жағдайда, Бірыңғай дистрибьютор көрсетілген Қызмет үшін Орындаушыға тиесілі шарт бойынша төлем сомасынан есептелген айыппұл сомасын немесе тұрақсыздық айыбын акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға құқылы.

49. Орындаушы Бірыңғай дистрибьютордың алдында жоғалған немесе бүлінген тауарды ауыстыру жолымен немесе Бірыңғай дистрибьютордың прайс-парағына сәйкес тауардың құнын өтеу жолымен Шарт шеңберінде өзіне берілген тауардың сақталуы үшін толық мүліктік жауапты болады.

## **11. Дауларды шешу тәртібі**

50. Тараптар Шартты орындау шеңберінде туындайтын тікелей келіссөздер процесінде дауларды шешу үшін барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс. Мұндай келіссөздердің талқылануы мен нәтижелері жазбаша хаттамамен ресімделеді, оған тараптар 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей қол қояды, Тараптардың әрқайсысы үшін 1 (бір) данадан 2 (екі) данада ресімделеді.

51. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін күнтізбелік 21 (жиырма бір) күн ішінде Тараптар Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, онда Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шешуді талап ете алады.

## **12. Шартты бұзу негіздері**

52. Шартты бұзу үшін мыналар негіз болып табылады:

- 1) Орындаушының Шартта көзделген міндеттемелерді бұзуы;
- 2) Орындаушыны "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рұқсаттардан (хабарламалардан) айыру (қайтарып алу);
- 3) Орындаушының Қызмет көрсетуден бас тартуы;
- 4) Орындаушының немесе оның объектілерінің Қағидалар мен Шарттың талаптарына сәйкес келмеуі;
- 5) Бірыңғай дистрибьютордың көрсетілетін Қызметке қажеттілігінің болмауы (денсаулық сақтау ұйымдарынан өтінімдердің болмауы, ДЗ мен МБ берушілерінің болмауы, Бірыңғай дистрибьюторда ақшалай қаражаттың болмауы).

53. Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда оны бұзуға бастамашы тарап екінші тарапқа Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді. Екінші тарап жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң Шарт бұзылды деп есептеледі. Бұл жағдайда Бірыңғай дистрибьютор Орындаушыға Бірыңғай дистрибьюторға Шарт бұзылған күнге нақты көрсетілген қызмет бағасын төлейді.

54. Орындаушының кінәсінен Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда Бірыңғай дистрибьютор Орындаушыға Шарт бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалмауынан Бірыңғай дистрибьюторға келтірілген айыппұл санкциялары мен залалдарды шегере отырып, Шартты бұзу күніне Бірыңғай дистрибьютор нақты көрсеткен және қабылдаған қызметтің бағасын төлейді. Егер Шарттың мерзімінен бұрын бұзылуына байланысты Бірыңғай дистрибьютордың тұрақсыздық айыбы мен шығындарының жалпы сомасы іс жүзінде көрсетілген қызметтер үшін Орындаушыға төлеуге жататын сомадан асып кетсе, онда айырмашылық Шарт бұзылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Бірыңғай дистрибьюторға төлеуге жататын Орындаушының қарызын құрайды.

## **13. Шарттың қолданылу мерзімі**

55. Шарт оған Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар оларды толық орындағанға дейін өзара есеп айырысу бөлігінде 202\_ жылғы \_\_\_ желтоқсанды қоса алғанға дейін қолданылады.

56. Бүкіл Шарт бойынша көрсетілген 24 сағат ішінде ақпарат беруге қатысты сілтемелер бойынша Тараптар, егер 24 сағаттың аяқталуы осы міндеттемеге жататын Тарап үшін сенбі, жексенбі немесе мемлекеттік мерекелерге түскен жағдайда, міндеттемелердің орындалу мерзімі келесі жұмыс күніне дейін автоматты түрде ұзартылады деп келісті.

#### **14. Еңсерілмейтін күш жағдайлары**

57. Тараптар Шартта көзделген, егер Шарт талаптарын орындаудың мүмкін еместігі еңсерілмейтін күш жағдайларының, яғни осы жағдайлар кезінде төтенше және еңсерілмейтін мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік органдардың актілерін қабылдау), олар Шарт талаптарын орындау мүмкіндігіне тікелей әсер еткен жағдайда, Шартта көзделген жауаптылықта болмайды. Мұндай жағдайларға, атап айтқанда, нарықта орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің болмауы жатпайды.

58. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш жағдайлары, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған салдарлар әрекет еткен уақытқа сәйкес кейінге шегеріледі.

59. Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған кезде Тараптардың кез келгені олар басталған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде екінші Тарапқа осы жағдайлардың басталғаны туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Бұл жағдайларды уәкілетті органдар және (немесе) "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы растауға тиіс.

60. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың кез келгеніне оны Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде сілтеме жасау құқығынан айырады.

61. Егер Тараптардың міндеттемелерді толық немесе ішінара орындау мүмкін еместігі 2 (екі) айдан асатын болса, Тараптар Шартты бұзуға және орындалған бөлігінде өзара есеп айырысуға құқылы.

#### **15. Ақпараттың құпиялылығы**

62. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар Шарттың қолданылу кезеңінде және оның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде Шарт бойынша ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндеттенеді..

63. Құпия ақпаратты ашу Шарт талаптарын бұзу болып табылады және Шартты бұзуға және нақты осыған байланысты келтірілген залалды басқа Тарапқа толық көлемде өтеуге әкеп соқтыруы мүмкін.

#### **16. Хат-хабар**

64. Шарт бойынша барлық құжаттардың Шартқа көрсетілген Тараптардың деректемелері болуы тиіс. Осы Шартпен көзделген құжаттарда жолдар арасында ендіруге, өшіруге немесе қосып жазуға жол берілмейді

65. Шарт бойынша тараптардан талап етілетін немесе талап етілуі мүмкін кез келген хабарламаларды немесе хабарламаларды тараптар бір-біріне жазбаша түрде ұсынылады және тапсырыс хатпен немесе курьерлік қызметтің көмегімен жіберіледі. Шұғыл болған жағдайда көрсетілген хат-хабар міндетті түрде тапсырыс хатпен немесе курьерлік қызметтің көмегімен жіберіле отырып, оны жеткізуді тіркеуді көздейтін электрондық почта немесе өзге де телекоммуникациялық байланыс құралдарының көмегімен берілуі мүмкін.

66. Шарт бойынша хат-хабарлар тараптарға Шартта көрсетілген мекенжайлар бойынша жіберілуі тиіс.

67. Тапсырыс хатпен немесе курьерлік қызметпен жіберілген хат-хабар екінші Тараптан пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің мөртабаны бар хабарлама болған жағдайда, оны жіберген Тарап алған күні (сағатта) жеткізілген деп есептеледі. Факс арқылы электрондық пошта немесе оны жеткізуді тіркеуді көздейтін өзге де телекоммуникациялық байланыс құралдарының көмегімен жіберілген хат-хабар ол жіберілген Тарапқа берілген күні (сағаты) жеткізілген болып есептеледі.

## **17. Қорытынды және ауыспалы ережелер**

68. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда жасалған және оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және екі тараптың мөрлерімен бекітілген жағдайда ғана жарамды болады.

69. Шартқа өзгерістер енгізуге Қағидаларда көзделген жағдайларда жол беріледі.

70. Шартқа Қағидаларда көзделмеген негіздер бойынша өткізілетін (өткізілген) сатып алу және/немесе Орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсыныстар талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

71. Тараптардың бірінің құқықтары мен міндеттерін Шарт бойынша үшінші тұлғаға беруге тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

72. Шартқа байланысты және онымен реттелмеген құқықтық қатынастарда Тараптар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын басшылыққа алады.

73. Заңды мекенжайы, банктік және өзге де деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап мұндай өзгеріс болған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге міндетті. Бұл туралы Шартқа өзгерістер енгізу талап етілмейді.

74. Шарт бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілдерінде 2 (екі) данада, Тараптардың әрқайсысы үшін 1 (бір-бір) данадан жасалды.

## **18. Тараптардың мекенжайлары, деректемелері, қолдары және мөрлері:**

Бірыңғай дистрибьютордың  
тегін медициналық көмектің  
кепілдік берілген көлемі,

кылмыстық-атқару  
(пенитенциарлық) жүйесінің  
тергеу изоляторлары мен  
мекемелерінде ұсталатын  
адамдарға бюджет қаражаты  
есебінен медициналық көмектің  
қосымша көлемі шеңберінде  
және (немесе) міндетті  
элеуметтік медициналық  
сақтандыру жүйесінде дәрілік  
заттар мен медициналық  
бұйымдарды сақтау және  
тасымалдау жөніндегі  
көрсетілетін қызметтерді,  
дәрілік заттар мен медициналық  
бұйымдарды есепке алу және  
өткізу жөніндегі көрсетілетін  
қызметтерді сатып алу  
қағидаларына 3-қосымша

Нысан  
Кімге:

---

(Бірыңғай дистрибьютордың  
атауы)  
Кімнен:

---

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

## **Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау қызметін көрсетуге ұзақ мерзімді шарт жасасу конкурсына қатысуға өтінім**

Әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер:

Әлеуетті өнім берушінің толық атауы	
Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен күні	
Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН)/Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)	
Заңды, пошталық және электрондық пошта мекенжайы, әлеуетті өнім берушінің байланыс телефондары	
Заңды тұлғаның банктік деректемелері (банктің немесе оның филиалының толық атауын қоса алғанда)	
Заңды тұлғаның бірінші басшысының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	

(  
әлеуетті өнім берушінің толық атауы) осы өтініммен әлеуетті өнім беруші ретінде

дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау қызметін көрсетуге ұзақ мерзімді шарт жасасу конкурсына қатысуға ниет білдіреді және мынадай лот/лоттар бойынша:

1) \_\_\_\_\_ (лот нөмірі) \_\_\_\_\_ (саланың атауы);

2) \_\_\_\_\_ (лот нөмірі) \_\_\_\_\_ (саланың атауы);

Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 15-2) тармақшасына сәйкес шарттарға сәйкес қатысуға келісімін білдіреді.

Қызмет көрсету мерзімі: \_\_\_\_\_.

Әлеуетті өнім беруші Қағидаларда және хабарландыруда көзделген талаптармен және шарттармен танысқанын және конкурстық комиссияға дәйексіз мәліметтер бергені үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулер жөніндегі жауапкершілік туралы хабардар етілгенін растайды.

Әлеуетті өнім беруші осы өтінімдегі мәліметтердің және оған қоса берілетін құжаттардың анықтығын растайды:

р/с №	Құжат атауы
-------	-------------

Осы өтінім конкурс қорытындылары шығарылғанға дейін жарамды.

Лауазымы, Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

\_\_\_\_\_ (әлеуетті өнім берушінің атауы)

Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық

бұйымдарды сақтау және  
тасымалдау жөніндегі  
көрсетілетін қызметтерді,  
дәрілік заттар мен медициналық  
бұйымдарды есепке алу және  
өткізу жөніндегі көрсетілетін  
қызметтерді сатып алу  
қағидаларына 4-қосымша

**Сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметке № \_\_\_\_\_ үлгі ұзақ мерзімді шарт**

Астана қаласы

"\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

"СҚ-Фармация" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі "Бірыңғай дистрибьютор" деп аталатын \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ тұлғасында, бір тараптан, және " \_\_\_\_\_ " бұдан әрі "Орындаушы" деп аталатын \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ тұлғасында, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталып, ал жеке-жеке "Тарап" деп аталып, Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 15-2) тармақшасына сәйкес \_\_\_\_\_ жыл(дарға) арналған " \_\_\_\_\_ " 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ конкурстың қорытындысы туралы хаттаманың негізінде, 20\_\_ - 20\_\_ жылдарға арналған Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметке осы шартты (бұдан әрі – Шарт) төмендегілер туралы жасасты:

**1. Шартта қолданылатын терминдер мен қысқартулар**

1. Шартта төменде санамаланған ұғымдар мен қысқартулар мынадай мағынаға ие:

1) қаржы жылы – Шартты орындау жүзеге асырылатын күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталатын және 31 желтоқсанында аяқталатын уақыт кезеңі;

2) тауар – дәрілік заттар (ДЗ), оның ішінде құрамында есірткі құралдары мен психотроптық заттар, медициналық бұйымдар (МБ), Орындаушы Шарт бойынша көрсететін Қызмет шеңберінде сақтауға және тасымалдауға жататын гуманитарлық көмек түріндегі ДЗ мен МБ.

3) сақтау – Орындаушының тауарды бөлу орталығында/операциялық қоймада және Орындаушының көлік құралдарында тауардың сақталуын, тұтастығын, қауіпсіздігін,

тиімділігін, сапасын, қоршаған ортаның зиянды факторларының әсерінен қорғалуын, қажетті температуралық режимнің сақталуын, Қазақстан Республикасының заңнамасында тауарды сақтау шарттарына қойылатын талаптардың сақталуын, Шартта көзделген жағдайларда тауарды Орындаушыға берген сәттен бастап және Орындаушы оны Алушыларға/басқа Орындаушыларға/Бірыңғай дистрибьюторға/Өнім берушілерге берген сәтке дейін контаминацияны, айқаспалы контаминацияны, қайта сұрыптауды болдырмауды қамтамасыз ететін жағдайларда сақтау. Арнайы температуралық режимде сақтау: суық +2 - +8 С<sup>0</sup>, мұздату -15 -20 С<sup>0</sup>, салқын +8 - +15 С<sup>0</sup>; арнайы температуралық режимсіз +15 - +25 С<sup>0</sup>;

4) тасымалдау – Орындаушының тауарды олардың сақталуын және тұтастығын, қоршаған орта факторларының әсерінен қорғалуын, қажетті температуралық режимді (сақтау шарттарын) сақтауды, сондай-ақ контаминацияны, қайта сұрыптауды, бұрмалауды болдырмауды қамтамасыз ететін жағдайларда көлік құралдарының көмегімен Шартқа сәйкес тасуы, орналастыруы және жеткізуі. Автокөлікпен тасымалдау үшін есептік бірлік ретінде рейс қашықтығы жүкпен бірге километрмен қолданылады. Автокөлік құралдарының жүк көтергіштігі санаттары: 1-санат – 1,5 тоннаға дейін қоса алғанда, 2-санат – 5 тоннаға дейін қоса алғанда, 3-санат – 10 тоннаға дейін қоса алғанда, 4-санат – 10 тоннадан астам;

5) жеткізу пункті – Бірыңғай дистрибьютор мен Алушының немесе басқа Орындаушының арасында жасалған шартқа және (немесе) Бірыңғай дистрибьютордың жөнелтуге рұқсат қағазына сәйкес Орындаушының тауарды жеткізу орны;

6) Қағидалар – Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 15-2) тармақшасына сәйкес қағидалары;

7) ДЗ, МБ сатып алу қағидалары – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 15-2) тармақшасына сәйкес қағидалары;



8) Өнім беруші – ДЗ, МБ сатып алу қағидаларына сәйкес Бірыңғай дистрибьютормен тауарды беру шартын жасасқан тұлға;

9) Алушы – оның атына немесе одан тауарды бөлу орталығынан/Орындаушының операциялық қоймасынан тиеп-жөнелту немесе қайтару жүзеге асырылатын тұлға;

10) басқа Орындаушы – Бірыңғай дистрибьютормен басқа әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында Қызмет көрсетуге шарт жасасқан тұлға;

11) әкімшілік-аумақтық бірлік – облыс, астана, республикалық маңызы бар қала;

12) БФАЖ – құқық иесі Бірыңғай дистрибьютор болып табылатын "СҚ-Фармация сервер" Бірыңғай фармацевтикалық ақпараттық жүйесі" ақпараттық жүйе;

13) бастапқы құжаттар – салық заңнамасына сәйкес шот-фактуралар және (немесе) электрондық шот-фактуралар, тауар-көлік жүкқұжаттары, жол парақтары, қорларды басқа жаққа босатуға арналған жүкқұжаттар, тауарлардың орнын ауыстыруға жүкқұжаттар, тауарды қабылдау-беру актілері, буып-түю парақтары, сенімхаттар, тауарларды шығаруға (есептен шығаруға) арналған актілер, тауарларды кіріске алу, орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілері;

14) паллета-орын – бір паллетаны сақтаудың көрсетілетін қызметі үшін есептік бірлік, мұндағы паллета – жүктерді жинау, сақтау, қайта тиеу және тасымалдау үшін негіз ретінде пайдаланылатын, қатты алаңы және ірілендірілген жүк бірлігін құру үшін жеткілікті орны бар, МЕМСТ 9557-87 сәйкес мөлшері 800 мм де 1200 мм тасымалдайтын ыдыс;

15) арна – Интернет арқылы Бірыңғай дистрибьютор мен Орындаушының қашықтағы компьютерлері арасындағы қорғалған байланыс арнасы;

16) FEFO қағидасы – бірінші кезектегі тәртіппен жарамдылық мерзімі ең аз қалған тауарды босату;

17) бөлу орталығы – Орындаушы тиеу-түсіру жұмыстарын, тауарды сақтауды, тасымалдауды және Алушыларға, операциялық қоймаларға, басқа Орындаушылардың бөлу орталықтарына беруді, сондай-ақ қажет болған кезде тауарды Алушылардан және операциялық қоймалардан қайтаруды жүзеге асыратын \_\_\_\_\_ мекенжайы бойынша орналасқан Орындаушының дәріханалық қоймасы;

операциялық қойма – Орындаушы тиеу-түсіру жұмыстарын, тауарды сақтауды, тасымалдауды және Алушыларға беруді, сондай-ақ қажет болған кезде тауарды Алушылардан қайтаруды жүзеге асыратын \_\_\_\_\_ мекенжайы бойынша орналасқан Орындаушының дәріханалық қоймасы;

18) тиеу-түсіру жұмыстары – Орындаушының сақтау және тасымалдау бойынша қызмет көрсету үдерісіндегі іс-қимылы, оның ішінде тауардың сандық (сериялық) есебін жүргізу, тауарды Орындаушының / Өнім берушінің / Алушының қоймасында (қайтару кезінде) / уақытша сақтау қоймаларында қабылдау, түсіру және қайта есептеу, тауарды сақтауға орналастыру, қажет болған кезде – тауардың қаптамасын стикерлеу және қаптамаға медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты салу, тауарды тиеуге/

орнын ауыстыруға арналған жиынтықтау (жинау), палеттеу (тиеуге дайындау), жөнелту алдында жүкті таңбалау, көлікке тиеу, жеткізу пунктінде түсіру, бастапқы құжаттарды ресімдеу және сүйемелдеу (қол қою). Көрсетілген әрекеттер Орындаушының күшімен және шығыс материалдарымен орындалады;

19) норма-сағат – жұмыстарды орындау уақытының бірлігі, тиеу-түсіру жұмыстары үшін есептік бірлік, автокөліктің жүк көтерімділігіне байланысты: 1-санат – 1,5 тоннаға дейін қоса алғанда – 0,5 сағат, 2-санат – 5 тоннаға дейін қоса алғанда – 1 сағат, 3-санат – 10 тоннаға дейін қоса алғанда – 1,5 сағат, 4-санат – 10 тоннадан астам – 3 сағат.

20) жөнелтуге рұқсат қағазы – Орындаушыға тауарларды Алушыларға / басқа Орындаушыларға тиеп жөнелту (жөнелтуге рұқсат қағазы) немесе орнын ауыстыру (орнын ауыстыруға рұқсат қағазы) туралы БФАЖ немесе электрондық пошта арқылы көрсету; Өнім берушіге – тауарларды Бірыңғай дистрибьюторға беру туралы (жеткізуге рұқсат ету) көрсету. Жөнелтуге рұқсат қағазында Бірыңғай дистрибьютордың прайс-парағына сәйкес тауар, оның саны мен жеткізу мекенжайы туралы ақпарат бар;

21) қойманы басқару жүйесі – қойманың бизнес-үдерістерін автоматты басқаруды бағдарламалық қамтамасыз ету;

22) көлік құралдары қозғалысының бағдар жоспары – Орындаушының көлік құралдарының Алушыға дейінгі белгіленген жүру жолдары: айына рейстердің жиілігін, маршруттың нөмірін, тауарды аптасына жөнелту күндерін көздейді.

23) жыл сайынғы қосымша келісім – осы шарттың қолданылу мерзімі ішінде әрбір қаржы жылына Тараптармен жыл сайын жасалатын, осы шартқа дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қосымша келісім.

## **2. Шарттың нысанасы**

2. Орындаушы Бірыңғай дистрибьюторға Шартқа қосымша келісімдерде айтылған Тауарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметті көрсетуге міндеттенеді, ал Бірыңғай дистрибьютор сақтау және тасымалдау жөніндегі Қызметті (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет) қабылдауға және оны Орындаушыға Шартта көзделген тәртіппен төлеуге міндеттенеді.

3. Шарттың ажырамас бөлігі мынадай қосымшалар болып табылады:

1) осы шартқа қосымшалары бар әрбір қаржы жылына арналған жыл сайынғы қосымша келісімдер;

2) осы шартқа қосымша келісімдер.

4. Бөлу орталығы/Орындаушының операциялық қоймасы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, GDP тиісті дистрибьюторлық практика стандартына, сондай-ақ қызметтерді сатып алу Қағидаларының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

### 3. Шарттың бағасы және төлеу тәртібі

5. Осы шарт бойынша қызметтердің жалпы құны осы шартқа барлық жыл сайынғы қосымша келісімдердің бағалары негізге алына отырып айқындалады. Жекелеген қаржы жылына арналған қызметтердің бағасы осы шартқа жыл сайынғы қосымша келісімде айқындалады.

Сақтау үшін нақты ақы төлеу күнтізбелік айдағы паллета-орындардың күнделікті санының орташа мәні бойынша паллета-орындардың жоспарлы санының кемінде 70%-ы мөлшерінде төмендетілмейтін паллета-орын резервін ескере отырып жүзеге асырылады.

Күнтізбелік айда паллета-орындардың санын есептеуді Орындаушы тауарды күнделікті сақтау көлемінің негізінде мынадай формула бойынша қалыптастырады:  $S1 = \text{саны (қапт)} * \text{қайталама қаптаманың көлемі, м}^3 * 125\% * 300\% / 0,96 \text{ м}^3$ ;  $S2 = \text{саны (қапт)} * \text{қайталама қаптаманың көлемі, м}^3 * 125\% / 0,96 \text{ м}^3$ ; мұндағы  $S1$  - арнайы температуралық режимі бар паллета-орындардың саны (+2+8 Co; +8+15 Co; -15 Co және одан төмен),  $S2$  - арнайы температуралық режимі жоқ паллета-орындар (+15+25 Co). Стандартты паллетаның өлшемдері 0,8 м x 1,2 м, жүктеу биіктігі 1 метр сақтау көлемі 0,96 м<sup>3</sup> құрайды; стандартты көліктік қаптамаға үстеме – 125%, термолабильді өнім үшін салқындататын кейстерге үстеме – 300%.

Орындаушының автокөлік құралдарымен күнтізбелік айда рейстерде жүріп өткен қашықтықтың есебін Орындаушы, қайтарылатын тауар болған кезде, көлік құралын тиеу орнына (кері жолға) қайтаруды ескере отырып айқындайды. Орындаушы рейсінің километражы автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес ресімделген жол парағындағы ақпаратқа сәйкес келеді.

Норма-сағаттарды есептеу Орындаушының күнтізбелік айдағы әрбір рейсі бойынша автокөлік құралының жүк көтергіштігіне сәйкес айқындалады: 1-санат (1,5 тоннаға дейін қоса алғанда) – 0,5 сағат, 2-санат (5 тоннаға дейін қоса алғанда) – 1 сағат, 3-санат (10 тоннаға дейін қоса алғанда) – 1,5 сағат, 4-санат (10 тоннадан астам) – 3 сағат.

Күнтізбелік айдағы паллета-орындардың санын есептеуді Орындаушы БФАЖ-бен интеграцияланғаннан кейін қойманы басқару жүйесінің көмегімен қалыптастырады. Норма-сағаттарды және автокөлік құралдарымен жүріп өткен қашықтықты анықтау үшін Орындаушының рейстерін есептеуді Орындаушы БФАЖ-бен интеграцияланғаннан кейін көлікті басқару жүйесінің көмегімен қалыптастырады.

6. Бірыңғай дистрибьютор Орындаушыға Тараптар орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойған және Орындаушы бастапқы құжаттарды толық көлемде ұсынған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей ақы төлеуді жүргізеді.

7. Қызметке ақы төлеуді Бірыңғай дистрибьютор Шартта көзделген Орындаушының банктік шотына ақшаны аудару жолымен теңгемен жүргізеді.

#### 4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

8. Орындаушы:

1) Бірыңғай дистрибьютор атынан Өнім берушіден/ басқа Орындаушыдан/ Алушыдан, бөлу орталығына/ операциялық қоймаға тауарды қабылдауды жүзеге асыруға. Тауар бөлу орталығына алғаш түскен кезде Орындаушы тауар қаптамасының ( биіктігі, ұзындығы, ені миллиметрмен, салмағы граммен) қайталама және көліктік (бар болса) габариттік сипаттамаларын өлшеуге;

2) тауарды Алушыға/Өнім берушіге/басқа Орындаушыға беру сәтіне дейін Шартқа сәйкес сақтауға;

3) тауарды сериялық есепке алуды, оның ішінде БФАЖ-да: тауардың кірісі мен шығысын тұрақты есепке алу, Орындаушының бөлу орталығында/операциялық қоймасында тауарды тоқсан сайын түгендеуді жүзеге асыруға;

4) бөлу орталығынан/операциялық қоймадан тауарды тасымалдауды: тиеу үшін жинақтау мен жиынтықтауды, тиеу-түсіру жұмыстарын, жеткізу пункттеріне жеткізуді және қабылдау-беру актілері бойынша Алушыларға немесе басқа Орындаушыларға беруді, қажет болған кезде – Алушылардан тауарды бөлу орталығына/ операциялық қоймаға қайтаруды жүзеге асыруға;

5) GDP тиісті дистрибьюторлық практика стандартында белгіленген талаптарды сақтауға;

6) үнемі бастапқы құжаттардың қағаз және электрондық тізілімін жүргізуге;

7) ай сайын – есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күнінен кешіктірмей қабылдау-беру актісі бойынша бастапқы құжаттарды Бірыңғай дистрибьюторға беруге;

8) қызмет көрсету мерзімі аяқталғаннан кейін қалған тауарды қабылдау-беру актісіне қол қою арқылы қызмет көрсетудің келесі кезеңіне басқа Орындаушы атынан Бірыңғай дистрибьюторға қайтару, ал Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда басқа Орындаушыларға қайтаруға;

9) Бірыңғай дистрибьютордан алынған, сондай-ақ Қызмет көрсету процесінде жасалған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, олардың мазмұнын Бірыңғай дистрибьютордың келісімінсіз жария етпеуге;

10) 24 (жиырма төрт) сағат ішінде Бірыңғай дистрибьюторға Қызмет көрсетуге кедергі келтіретін мән-жайлар, сондай-ақ оларды жою үшін Орындаушы қабылдайтын шаралар туралы жазбаша хабарлауға;

11) "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес операцияны немесе оқиғаны жасау аяқталғаннан кейін есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне дейін ай сайын Бірыңғай дистрибьюторға қабылдау-беру актісі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген нысан бойынша орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілерін және

салық заңнамасына сәйкес электрондық шот-фактураларды ұсынуға. Көрсетілген көлік қызметтері бойынша растайтын құжаттар ретінде орындалған жұмыстар актісімен бір мезгілде ұсынылатын жол парақтары болып табылады;

12) сапасыз немесе уақытынан кешігіп көрсетілген Қызмет салдарынан туындаған Қызмет кемшіліктерін өз есебінен жоюға;

13) Қызмет көрсету кезінде Бірыңғай дистрибьюторға келтірілген залалды өтеуге;

14) Шарт (келісімшарт, келісім) бойынша Өнім берушінің тауарды кеден қоймасы және (немесе) астананың немесе республикалық маңызы бар қаланың халықаралық әуежайына жеткізуі қарастырылған тауарды оны жеткізу орнында өз есебінен қабылдауға, тауарды бөлу орталығына тасымалдауға және тауарды мұндай тасымалдау кезінде оның кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну тәуекелін ескере отырып сақтауға (бөлу орталығы үшін);

15) уәкілетті ұйыммен берілген тауардың сапасы және қауіпсіздігі туралы қорытындылардың қолданылу мерзімін бақылауды жүзеге асыруға. Күntізбелік 45 (қырық бес) күн бұрын Бірыңғай дистрибьюторға тауардың жарамдылық мерзімінің және тауардың қауіпсіздігі мен сапасы туралы қорытындылардың қолданылу мерзімінің өтуі туралы хабардар етуге, сондай-ақ Өнім берушіге тауардың қауіпсіздігі туралы қорытындының қолданылу мерзімінің аяқталуы туралы ақпаратты Өнім берушілермен беру шарттарында және тиісінше Шартта көрсетілген олардың электронды мекенжайларына жіберуге (бөлу орталығы үшін);

16) Бірыңғай дистрибьюторға бөлу орталығына/операциялық қоймаға кедергісіз кіруді, сондай-ақ Шарттың орындалуына мониторинг жасауды жүзеге асыру үшін Қызмет көрсетумен байланысты құжаттарды ұсынуға;

17) ерекше жағдайларда денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның шешімі/тапсырмасы бойынша Алушыларды тауармен уақтылы және үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында Бірыңғай дистрибьютордың жазбаша талабымен Шартта көзделмеген тауарды сақтауға және тасымалдауға қабылдауға;

18) Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін күntізбелік 15 (он бес) күн ішінде Шарт бойынша Орындаушыға берілген мөрдi Бірыңғай дистрибьюторға қайтаруға;

19) тауарды БФАЖ-да электрондық есепке алуды жүргізуге, ол үшін Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Интернет арқылы Бірыңғай дистрибьютордың байланыс арнасы бойынша БФАЖ серверіне қосылу, шартқа қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде БФАЖ-бен жұмыс бойынша нұсқама жүргізу үшін Бірыңғай дистрибьютордың қызметкерлерін тарта отырып, Орындаушының қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыру, БФАЖ-да пайдаланушыны әрбір авторизациялау кезінде Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы берген заңды тұлғаның қолданыстағы тіркеу куәлігін пайдалануға. Қажет болған кезде БФАЖ-да көзделмеген бизнес-үдерістерді автоматтандыру бағдарламалық

құрылғының көмегімен өз ақпараттық жүйесінде немесе қойманы басқару жүйесінде тауарды қосарлы электрондық есепке алуды жүргізуге;

20) Шарттың қолданылу мерзімі ішінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының, GDP тиісті дистрибьюторлық практика стандартының талаптарын сақтауға;

21) денсаулық сақтау ұйымының жазбаша өтініші және бірыңғай дистрибьютордың өтінімі бойынша тауарды әуе көлігімен тасымалдауды жүзеге асыруға. Бұл ретте келтірілген шығыстар авиатасымалдаушының бағасы бойынша нақты бағаға енгізіледі;

22) қол қойылған қабылдау-беру актісіне сәйкес Тапсырыс берушілерге тауарды жөнелту/өткізу фактісінен кейін күнтізбелік 10 күн ішінде БФАЖ "тиеп-жөнелту" модулінде "пысықталған" соңғы мәртебесіне ауыстыруға;

23) "Қазақтелеком" АҚ-мен тауарды таңбалау мен қадағалаудың ақпараттық жүйесіне қосылуға үлгі шарт жасауға;

24) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № КР ДСМ-11 бұйрығымен бекітілген Дәрілік заттарды таңбалау мен қадағалау және медициналық бұйымдарды таңбалау Қағидаларын ұстануға;

25) қойманы басқару жүйесінің болуын және жұмысын қамтасыз етуге;

26) қойманың басқару жүйесін Бірыңғай дистрибьютордың ақпараттық жүйесімен интеграциялауды қамтамасыз етуге;

27) көлік құралдарының спутниктік мониторингі жүйесінің болуын және жұмысын қамтасыз етуге;

28) көлік құралының орналасқан жері туралы деректерді жинауды және сақтауды қамтамасыз етуге;

29) Алушыларға тауарды тасымалдаудың тиімді және ресурс үнемдейтін логистикалық тізбегін, оның ішінде тасымалданатын тауар көлеміне көлік құралын оңтайлы іріктеуді қамтамасыз етуге;

30) қолданыстағы заңнамаға сәйкес тауарды сақтандыруды қамтамасыз етуге;

31) осы шарттың қолданылу мерзімі ішінде әрбір қаржы жылына осы Шартқа жыл сайынғы қосымша келісім жасасуға міндеттенеді.

9. Орындаушының:

1) Шарт шеңберінде Қызмет көрсету тәсілдерін өз бетінше анықтауға;

2) Шарттың талаптарын орындау үшін қажетті ақпаратты алуға;

3) Бірыңғай дистрибьютордан Шарт талаптарына және оған жыл сайынғы қосымша келісімдерге сәйкес көрсетілген Қызметке ақы төлеуді талап етуге құқығы бар.

10. Бірыңғай дистрибьютор:

1) Орындаушыға Қызмет көрсетуге қажетті барлық ақпаратты беруге;

2) Шартты орындау үшін Орындаушыға қажетті көмек көрсетуге;

3) Шарт талаптарына сәйкес Қызметке уақытылы ақы төлеуді жүргізуге;

4) Орындаушыға БФАЖ-да Бірыңғай дистрибьютордың Өнім берушілермен және Алушылармен жасасқан шарттары және оларға қосымша келісімдері, сондай-ақ жеткізу /жөнелту кестелері туралы ақпарат ұсынуға;

5) Орындаушыға қабылдау-беру актісі бойынша "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы №\_\_\_ Шарт бойынша шот-фактуралар, актілер және жүкқұжаттар үшін "\_\_\_\_\_ \_ үшін" деген жазуы бар мөрдің \_\_\_\_\_ бірлігін беруге;

6) Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде Орындаушыға Шарттың қолданылу мерзіміне Орындаушының қызметкерлеріне ауысу құқығымен тиісінше рәсімделген сенімхат беруге;

7) Орындаушыға кемінде Шарттың орындалуына мониторинг жасау басталардан 8 ( сегіз) жұмыс сағаты бұрын Бірыңғай дистрибьютордың мониторингті жүзеге асыруға уәкілетті қызметкерлерінің тізімін бере отырып, бөлу орталығында мониторинг жүргізу туралы жазбаша хабарлама беруге міндеттенеді.

11. Бірыңғай дистрибьютордың:

1) Орындаушының Шарт талаптарын, оның ішінде тауардың болуын, оны Орындаушының бөлу орталығында/ операциялық қоймада және көлік құралдарында сақтау талаптарын орындауына мониторингті жүзеге асыруға;

2) Орындаушыдан Шарттың орындалуы туралы барлық ақпаратты алуға;

3) Орындаушыға Шарт шеңберінде берілген барлық құжаттарды, мөрлерді, сенімхаттарды, хаттарды, Бірыңғай дистрибьютордың меншігі болып табылатын өзге де құжаттар мен заттардың қайтарылуын талап етуге;

4) кез-келген уақытта Орындаушыдан Қызмет көрсетудің барысы туралы жазбаша есеп сұратуға;

5) ауызша/жазбаша тәртіпте Орындаушыдан тауардың орнын ауыстыруды/ жөнелтуді/қайтаруды жүзеге асыруды талап етуге;

6) Қызмет көрсетуде Орындаушы жіберген кемшіліктерді анықтауға және оларды белгіленген мерзімде жоюды талап етуге құқығы бар.

## **5. Тауарды қабылдау**

12. Орындаушы Шартқа, Бірыңғай дистрибьютор мен Өнім берушілер/басқа Орындаушылар арасында жасалған шарттарға сәйкес бөлу орталығында/операциялық қоймада Өнім берушілерден және(немесе) басқа Орындаушылардан тауарды қабылдауды жүзеге асырады. Егер беру шартында тауарды өз күшімен әкету немесе кеден қоймасына және(немесе) астананың немесе республикалық маңызы бар қалалардың халықаралық әуежайына жеткізу көзделген жағдайда, Орындаушы тауарды Өнім берушінің қоймасында /кеден қоймасында/ халықаралық әуежайда қабылдауды, Орындаушының көлік құралына тиеуді және Орындаушының қоймасына тасымалдауды жүзеге асырады.

13. Тауардың әрбір партиясын қабылдаған кезде Орындаушы Өнім берушілерден/ басқа Орындаушылардан бастапқы құжаттарды талап етуге міндетті.

14. Орындаушы тауарды Өнім берушілерден қабылдауға және оны Орындаушының қоймасында түсірген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдау-беру актісіне қол қоюға (ТЖЖ жүктің келгені туралы белгі қойылған күн) және өнім беруші/басқа Орындаушы тауарға бастапқы құжаттарды ұсынған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдау-беру актісіне қол қоюға міндеттенеді. Тауарды бөлу орталығына алғаш қабылдаған кезде Орындаушы Бірыңғай дистрибьюторға тауарды қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тауар қаптамасының ( биіктігі, ұзындығы, ені миллиметрмен, салмағы граммен) қайталама және көліктік (бар болған жағдайда) габариттік сипаттамаларын жібереді;

15. Тауарды қабылдау кезінде Орындаушы стандарттарда, техникалық шарттарда, технологиялық нұсқаулықтарда, нұсқаулықтарда, тауардың жекелеген түрлерін сақтау қағидаларында, өзге де міндетті арнайы нормативтік құжаттарда белгіленген, сондай-ақ іскерлік айналым дәстүрлеріне және сақтау жөніндегі міндеттемелердің мәніне, оның ішінде сақтауға берілген тауардың қасиеттеріне сәйкес келетін барлық шараларды қабылдауға міндетті.

GDP стандартына сәйкес Орындаушы тауарды қабылдау кезінде тәуекелдерді бағалауды жүзеге асыру, қайтарылған, қайтарып алынған, қабылданбаған, сапасыз деп танылған, жалған дәрілік заттарға қатысты шешімдер қабылдау, дәрілік заттардың сатуға жарамды санатқа қайтарылуын мақұлдау үшін дәрілік заттардың тиісті дистрибуциясы саласында қажетті біліктілігі, тәжірибесі және білімі бар сапа бойынша жауапты адамды тағайындайды.

16. Тауарды қабылдау кезінде Орындаушы оны қарайды: тауардың санын, сыртқы жай-күйін, бастапқы және өзге де ілеспе құжаттарға, рұқсат қағазға, Өнім берушінің Бірыңғай дистрибьютормен шартына сәйкестігін, сондай-ақ Өнім берушінің температуралық режим бойынша талаптарды сақтауы тұрғысынан айқындайды.

Бастапқы құжаттарға, оның ішінде тауардың саны бойынша сәйкес келмейтін тауар жеткізілген жағдайда, сондай-ақ Өнім беруші толық емес немесе тиісті түрде ресімделмеген бастапқы құжаттарды ұсынған жағдайда, Орындаушы бұл туралы Өнім берушіні және (немесе) басқа Орындаушыны және Бірыңғай дистрибьюторды бұзушылықтарды егжей-тегжейлі сипаттай отырып, жазбаша хабардар етуге және Өнім беруші/басқа Орындаушы көрсетілген бұзушылықты өнім беру Шартында көзделген мерзімдерде жойғанға дейін тауарды карантин аймағына жіберуге міндетті.

Тауар сапасының жоғалуына күдікті тауар жеткізілген жағдайда, оның ішінде сақтаудың арнайы температуралық жағдайларын талап ететін дәрілік заттарды тасымалдау кезінде сақтау шарттарының бұзылғаны анықталған жағдайда, Орындаушы тауарды тиісті сақтау шарттары бар карантин аймағына дереу жіберуге, ол туралы Бірыңғай дистрибьюторды, Өнім берушіні және (немесе) басқа Орындаушыны,



сондай-ақ бұзушылықты егжей-тегжейлі сипаттай отырып және осы жеткізілім бойынша өзіне белгілі өзге де мәліметтерді көрсете отырып, Өндірушіні және (немесе) тіркеу куәлігін ұстаушыны жазбаша хабардар етуге тиіс. Орындаушының сапа бойынша жауапты тұлғасы GDP стандартына сәйкес қажетті шараларды, оның ішінде жеткізу бойынша қажетті ақпаратты жинауды, ұсынылған дәлелдемелердің олардың тиісті жағдайларда сақталғаны және тасымалданғаны тәуекелін бағалауды жүзеге асырады. Орындаушы дәрілік заттарды карантин аймағынан өткізуге жарамды санатқа қайтару туралы шешімді немесе өзге де шешімді көрсете отырып, тәуекелдерді бағалау нәтижелері туралы Өнім берушіні және (немесе) басқа Орындаушыны, Бірыңғай дистрибьюторды, сондай-ақ Өндірушіні және (немесе) тіркеу куәлігін ұстаушыны жазбаша хабардар етеді.

17. Тауар қаптамасының жасырын ақаулары (соғылуы, ақауы, кем шығуы) және өзге де кемшіліктері анықталған жағдайда, анықталған сәттен бастап Орындаушы 24 (жиырма төрт) сағат ішінде Бірыңғай дистрибьютордың Өнім берушіге шағым беруі үшін жасырын ақаулар (соғылуы, ақауы, кем шығуы) және тауар қаптамасының өзге де кемшіліктері анықталғанын растайтын барлық құжаттарды қоса бере отырып, Бірыңғай дистрибьюторды жазбаша хабардар етуге міндетті.

18. Орындаушы тауарды оның қалған жарамдылық мерзімі бойынша ДЗ, МБ сатып алу қағидаларының талаптарына сәйкес қабылдауға міндетті.

19. Тауарды қабылдау Бірыңғай дистрибьютордың орнын ауыстыруға жөнелтуге рұқсат қағазында немесе жүкқұжатта көрсетілген мөлшерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс

20. Орындаушының Өнім берушімен/басқа Орындаушымен қабылдау-беру актісіне қол қойған күні тауарды қабылдау күні болып есептеледі.

21. Тауарды қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Орындаушы кіріс құжаттары бойынша деректерді БФАЖ-ға енгізуге міндетті. БФАЖ-ға енгізілген кіріс құжатының күні қабылдау-беру актісінің күніне сәйкес келуі тиіс.

Орындаушы қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен кейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей Өнім берушіден қағаз жеткізгіштегі шот-фактураны немесе электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы жазып берілген баспа нысандағы электрондық шот-фактураны талап етуге міндетті. Өнім беруші ұсынған шот-фактуралар салық заңнамасының талаптарына сәйкес болуы тиіс. Орындаушы Өнім берушіден тиісті ресімделген шот-фактураларды алу үшін қажетті іс-шараларды жүргізеді. Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы жазып берілген баспа нысандағы электрондық шот-фактурада айналым жасалған күн қабылдау-беру актісіне қол қойылған күнге сәйкес келуге тиіс. Өнім беруші шот-фактураны қағаз тасығышта немесе электрондық шот-фактураны баспа нысанында ұсынған күннен бастап Орындаушы 1 (бір) жұмыс күні ішінде шот-фактураны кіріс

құжаттарымен салыстырып тексеруге және қажетті деректерді БФАЖ-ға енгізуге міндетті.

22. Қол қойылған құжаттар тауарды беру орнында тауарды қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей Өнім берушіге/басқа Орындаушыға берілуге тиіс. Орындаушының тауарды қабылдау туралы құжаттарын тексергеннен және қол қойғаннан кейін Өнім берушіге/басқа Орындаушыға арналған құжаттардың даналарын соңғылары Орындаушыдан қолма-қол және өз есебінен алады.

## **6. Тауарды сақтау**

23. Орындаушы денсаулық сақтау саласындағы, дәрілік заттар айналымы саласындағы заңнамаға және тауарды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес тауардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

24. Орындаушы тауардың сериялық есебін ұйымдастырады және тауар қорының қалдықтарына күнделікті бақылауды жүзеге асырады.

25. Орындаушы әрбір күнтізбелік тоқсанның соңына тауарды түгендеуді жүзеге асыруға міндетті.

26. Тауардың жоғалғаны немесе бүлінгені анықталған жағдайда Орындаушы бұл туралы Бірыңғай дистрибьюторды жоғалған немесе бүлінген тауардың санын көрсете отырып, тауардың шығуына (есептен шығаруға) арналған актіні қоса бере отырып, 24 (жиырма төрт) сағаттан кешіктірмей жазбаша хабардар етуге міндетті. Тауардың жоғалғаны немесе бүлінгені туралы хабарланған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Орындаушы тауардың шығуы (есептен шығару) актісін БФАЖ-ға енгізуге міндетті.

27. Бірыңғай дистрибьютордың талап етуі бойынша Орындаушы жоғалған / бүлінген тауардың құнын Бірыңғай дистрибьютордың прайс-парағы бойынша өтеуге немесе мұндай тауарды жоғалтқан немесе бүлінген тауардың жарамдылық мерзімінен кем болмайтын жарамдылық мерзімі бар, тауардың жоғалғаны немесе бүлінгені анықталған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде сол саудалық атауымен бірдей тауарға ауыстыруды жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте Орындаушы қорларды кіріске алу туралы актіні БФАЖ-ға енгізуге міндетті. Кіріске алу туралы актіге Орындаушының тауарды сатып алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі

Тауарды жоғалту немесе бүлдіру Орындаушыны Алушыларға тауарды жеткізу мерзімдерін бұзумен көзделген тұрақсыздық айыбынан босатпайды.

## **7. Алушыларға тауарды тасымалдау**

28. Шартқа қол қойылғаннан кейін Орындаушы күнтізбелік 10 күн ішінде Бірыңғай дистрибьюторға көлік құралдары қозғалысының бағдар жоспарын келісуге жіберуге міндетті.

Жоспардан тыс рейстерді Орындаушы оны Бірыңғай дистрибьютор келіскеннен кейін жүзеге асырады.

29. Орындаушы тауарды тасымалдауды денсаулық сақтау саласындағы, дәрілік заттар айналымы шеңберіндегі заңнамаларға және тауардың қолданылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырады.

30. Орындаушы Бірыңғай дистрибьютор атынан Алушыларға/басқа Орындаушыларға – Бірыңғай дистрибьютордың жөнелтуге рұқсат қағаздарына сәйкес және (немесе) Бірыңғай дистрибьютор Алушылармен жасасқан шарттарда кестеге сәйкес тауарды тасымалдауды жүзеге асырады. Бастапқы құжаттарды қалыптастыру және ресімдеу Орындаушының күшімен және қаражатымен жүзеге асырылады.

31. Орындаушы ДЗ, МБ сатып алу қағидалары талаптарына сәйкес қалған жарамдылық мерзімі бойынша Алушыларға тауарды тиеуге міндетті.

32. Орындаушы Алушыларға тауарды FEFO әдістемесі бойынша босатуды жүргізуге міндетті.

33. Тауарды Алушыға/басқа Орындаушыға беру кезінде тауарды қабылдауды жүзеге асыруға уәкілетті Алушының өкіліне сенімхат алу талап етіледі.

34. Орындаушы тауарды бөлу орталығынан тасымалдауды, оның ішінде бағыттар жоспарына сәйкес қызмет көрсету аймағының операциялық қоймаларына тиеу-түсіру жұмыстарын жүзеге асыруға міндетті, бұл ретте тауардың операциялық қоймаларда болуы Бірыңғай дистрибьютордың қызмет көрсету аймағының Алушыларымен шарттарындағы жөнелту кестесінде (немесе) жөнелтуге рұқсат қағазында көрсетілген кезең басталғанға дейін күнтізбелік 7 күн бұрын қамтамасыз етілуі тиіс.

35. Орындаушы көлік құралдары қозғалысының бағдар жоспарына және Бірыңғай дистрибьютордың Алушылармен шарттардағы кестеге сәйкес және (немесе) жөнелтуге рұқсат қағазымен тауарды жеткізу пунктіне тасымалдауды, оның ішінде тиеу-түсіру жұмыстарын жүзеге асыруға міндетті.

36. Орындаушы Өнім берушіден немесе басқа да Орындаушыдан Бірыңғай дистрибьютордың жөнелтуге рұқсат қағазында немесе Бірыңғай дистрибьютор мен Алушының арасындағы Шарттың 35-тармағында көрсетілген, тауарды алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде тауарды жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

37. Орындаушы мен Алушы / басқа Орындаушы арасындағы қабылдау-беру актісіне жеткізу пунктінде қол қойылған күн тауарды жеткізу күні болып есептеледі.

38. Орындаушының тауарға бастапқы құжаттар бойынша тауарлардың шығысы туралы деректерді БФАЖ-ға енгізуі Алушымен немесе басқа Орындаушымен

қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылуы тиіс. БФАЖ бағдарламасында шығыс операциясының күні қабылдау-беру актісінің күніне сәйкес келуі тиіс.

39. Тауарды автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде Орындаушы тауар-көлік жүкқұжатын және жол парағын ресімдеуге міндетті. Рейстің басталу уақыты мен аяқталу уақыты туралы, сондай-ақ әрбір рейс бойынша жүгі бар автокөліктің жүріп өткен қашықтығы туралы ақпаратты Орындаушы БФАЖ-ға "Рейстер" модуліне рейс аяқталған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей енгізеді.

## **8. Шарттың орындалуына мониторинг жүргізуге және есеп-қисап**

40. Қажет болған кезде Бірыңғай дистрибьютор Бірыңғай дистрибьютордың қызметкерлерін бөлу орталығына/операциялық қоймаға жіберу арқылы Орындаушының Шарт талаптарын орындауына мониторингті жүзеге асырады, мұндай мониторинг туралы Өнім берушіні кемінде 8 (сегіз) жұмыс сағаты бұрын алдын ала жазбаша хабардар етеді және мониторинг жүргізуге уәкілетті Бірыңғай дистрибьютор қызметкерлерінің лауазымын, тегін және атын көрсете отырып, Шарттың талаптарын орындауының мониторингін жүзеге асырады. Мониторинг қорытындылары бойынша Тараптар мониторинг нәтижелері сипатталған акт жасайды және қол қояды, оның 1 (бір) данасы Орындаушыға тапсырылады.

41. Орындаушы ай сайын – есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күнінен кешіктірмей қабылдау-беру актісі бойынша бастапқы құжаттарды Бірыңғай дистрибьюторға беруге міндетті;

42. Орындаушы Бірыңғай дистрибьюторға тоқсандық есепті есеп берілетін тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жазбаша нысанда ұсынады. Түгендеу бойынша Бірыңғай дистрибьюторға Орындаушының есебіне түгендеу тізімдемесі, салыстыру ведомосы, есептен шығару актісі (кем шығу болған кезде), кіріске алу актісі (артық болған кезде), Орындаушының ілеспе хаты енгізіледі.

## **9. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету**

43. Тараптар жеке қаржы жылына жыл сайынғы қосымша келісімге қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушы Бірыңғай дистрибьюторға Орындаушының міндеттемелерін қамтамасыз ету тәсілі ретінде жыл сайынғы қосымша келісімде көрсетілген Бірыңғай дистрибьютордың банктік шотына ақша аудару жолымен жыл сайынғы қосымша келісім сомасынан 3% (үш пайызы) мөлшерінде кепілдік ақшалай жарнаны енгізуге немесе Бірыңғай дистрибьюторға оның жазбаша талабымен жыл сайынғы қосымша келісім бағасының 3% (үш пайызы) мөлшерінде кепілдік қамтамасыз етуді төлеу міндеттемесі бар банк кепілдігін беруге міндетті.

44. Бірыңғай дистрибьютор Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелер мен өзара есеп айырысуларды толық орындағаннан кейін, Орындаушының жазбаша өтінішімен 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушыға кепілдік қамтамасыз етуді қайтаруды жүзеге асырады.

45. Бірыңғай дистрибьютор Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Орындаушыға:

1) Өнім беруші қызмет көрсетуден бас тартса;

2) Шарт Өнім берушінің бастамасымен бұзылса;

3) Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелерді орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Бірыңғай дистрибьютор шартты біржақты тәртіппен бұзса;

4) Шартта көзделген талаптарды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін айыппұл санкцияларын төлемеген жағдайларда қайтармайды.

46. Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы сақтауға қабылданған тауарды сақтандыру шартын ұсынуға міндетті.

## **10. Тараптардың жауапкершілігі**

47. Жауапкершіліктің негіздері және тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) және (немесе) айыппұлдардың мөлшері осы Шартқа жыл сайынғы қосымша келісімдерде көзделеді.

48. Осы Шартқа оның ажырамас бөлігі болып табылатын жыл сайынғы қосымша келісімнің талаптарын бұзу осы Шарттың 51-тармағына сәйкес осы Шартты бұзу үшін негіз болып табылады.

## **11. Дауларды шешу тәртібі**

49. Тараптар Шартты орындау шеңберінде туындайтын тікелей келіссөздер процесінде дауларды шешу үшін барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс. Мұндай келіссөздердің талқылануы мен нәтижелері жазбаша хаттамамен ресімделеді, оған тараптар 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей қол қояды, Тараптардың әрқайсысы үшін 1 (бір) данадан 2 (екі) данада ресімделеді.

50. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін күнтізбелік 21 (жиырма бір) күн ішінде Тараптар Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, онда Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шешуді талап ете алады.

## **12. Шартты бұзу негіздері**

51. Шартты бұзу үшін мыналар негіз болып табылады:

1) Орындаушының Шартта көзделген міндеттемелерді бұзуы;

2) Орындаушыны "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рұқсаттардан (хабарламалардан) айыру (қайтарып алу);

3) Орындаушының Қызмет көрсетуден бас тартуы;

4) Орындаушының немесе оның объектілерінің қызметтерді саып алу Қағидалары мен Шарттың талаптарына сәйкес келмеуі;

5) Бірыңғай дистрибьютордың көрсетілетін Қызметке қажеттілігінің болмауы (денсаулық сақтау ұйымдарынан өтінімдердің болмауы, ДЗ мен МБ берушілерінің болмауы, Бірыңғай дистрибьюторда ақшалай қаражаттың болмауы).

52. Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда оны бұзуға бастамашы тарап екінші тарапқа Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді. Екінші тарап жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң Шарт бұзылды деп есептеледі. Бұл жағдайда Бірыңғай дистрибьютор Орындаушыға Бірыңғай дистрибьюторға Шарт бұзылған күнге нақты көрсетілген Қызмет бағасын төлейді.

53. Орындаушының кінәсінен Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда Бірыңғай дистрибьютор Орындаушыға Шарт бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалмауынан Бірыңғай дистрибьюторға келтірілген айыппұл санкциялары мен залалдарды шегере отырып, Шартты бұзу күніне Бірыңғай дистрибьютор нақты көрсеткен және қабылдаған қызметтің бағасын төлейді. Егер Шарттың мерзімінен бұрын бұзылуына байланысты Бірыңғай дистрибьютордың тұрақсыздық айыбы мен шығындарының жалпы сомасы іс жүзінде көрсетілген қызметтер үшін Орындаушыға төлеуге жататын сомадан асып кетсе, онда айырмашылық Шарт бұзылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Бірыңғай дистрибьюторға төлеуге жататын Орындаушының қарызын құрайды.

### **13. Шарттың қолданылу мерзімі**

54. Шарт тараптар оған қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар оларды толық орындағанға дейін өзара есеп айырысу бөлігінде үш жыл бойы қоса алғанға дейін қолданылады.

55. Бүкіл Шарт бойынша көрсетілген 24 сағат ішінде ақпарат беруге қатысты сілтемелер бойынша Тараптар, егер 24 сағаттың аяқталуы осы міндеттемеге жататын Тарап үшін сенбі, жексенбі немесе мемлекеттік мерекелерге түскен жағдайда, міндеттемелердің орындалу мерзімі келесі жұмыс күніне дейін автоматты түрде ұзартылады деп келісті.

### **14. Еңсерілмейтін күш жағдайлары**

56. Тараптар Шартта көзделген, егер Шарт талаптарын орындаудың мүмкін еместігі еңсерілмейтін күш жағдайларының, яғни осы жағдайлар кезінде төтенше және

еңсерілмейтін мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік органдардың актілерін қабылдау), олар Шарт талаптарын орындау мүмкіндігіне тікелей әсер еткен жағдайда, Шартта көзделген жауаптылықта болмайды. Мұндай жағдайларға, атап айтқанда, нарықта орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің болмауы жатпайды.

57. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш жағдайлары, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған салдарлар әрекет еткен уақытқа сәйкес кейінге шегеріледі.

58. Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған кезде Тараптардың кез келгені олар басталған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде екінші Тарапқа осы жағдайлардың басталғаны туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Бұл жағдайларды уәкілетті органдар және (немесе) "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы растауға тиіс.

59. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың кез келгеніне оны Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде сілтеме жасау құқығынан айырады.

60. Егер Тараптардың міндеттемелерді толық немесе ішінара орындау мүмкін еместігі 2 (екі) айдан асатын болса, Тараптар Шартты бұзуға және орындалған бөлігінде өзара есеп айырысуға құқылы.

## **15. Ақпараттың құпиялылығы**

61. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар Шарттың қолданылу кезеңінде және оның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде Шарт бойынша ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндеттенеді..

62. Құпия ақпаратты ашу Шарт талаптарын бұзу болып табылады және Шартты бұзуға және нақты осыған байланысты келтірілген залалды басқа Тарапқа толық көлемде өтеуге әкеп соқтыруы мүмкін.

## **16. Хат-хабар**

63. Шарт бойынша барлық құжаттардың Шартқа көрсетілген Тараптардың деректемелері болуы тиіс. Осы Шартпен көзделген құжаттарда жолдар арасында ендіруге, өшіруге немесе қосып жазуға жол берілмейді

64. Шарт бойынша тараптардан талап етілетін немесе талап етілуі мүмкін кез келген хабарламаларды немесе хабарламаларды тараптар бір-біріне жазбаша түрде ұсынылады және тапсырыс хатпен немесе курьерлік қызметтің көмегімен жіберіледі. Шұғыл болған жағдайда көрсетілген хат-хабар міндетті түрде тапсырыс хатпен немесе

куррьерлік қызметтің көмегімен жіберіле отырып, оны жеткізуді тіркеуді көздейтін электрондық пошта немесе өзге де телекоммуникациялық байланыс құралдарының көмегімен берілуі мүмкін.

65. Шарт бойынша хат-хабарлар тараптарға Шартта көрсетілген мекенжайлар бойынша жіберілуі тиіс.

66. Тапсырыс хатпен немесе куррьерлік қызметпен жіберілген хат-хабар екінші Тараптан пошта бөлімшесінің немесе куррьерлік қызметтің мөртабаны бар хабарлама болған жағдайда, оны жіберген Тарап алған күні (сағатта) жеткізілген деп есептеледі. Факс арқылы электрондық пошта немесе оны жеткізуді тіркеуді көздейтін өзге де телекоммуникациялық байланыс құралдарының көмегімен жіберілген хат-хабар ол жіберілген Тарапқа берілген күні (сағаты) жеткізілген болып есептеледі.

## **17. Қорытынды және ауыспалы ережелер**

67. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда жасалған және оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және екі тараптың мөрлерімен бекітілген жағдайда ғана жарамды болады.

68. Шартқа өзгерістер енгізуге Қағидаларда көзделген жағдайларда жол беріледі.

69. Шартқа Қағидаларда көзделмеген негіздер бойынша өткізілетін (өткізілген) сатып алу және/немесе Орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсыныстар талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

70. Тараптардың бірінің құқықтары мен міндеттерін Шарт бойынша үшінші тұлғаға беруге тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

71. Шартқа байланысты және онымен реттелмеген құқықтық қатынастарда Тараптар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын басшылыққа алады.

72. Заңды мекенжайы, банктік және өзге де деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап мұндай өзгеріс болған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге міндетті. Бұл туралы Шартқа өзгерістер енгізу талап етілмейді.

73. Шарт бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілдерінде 2 (екі) данада, Тараптардың әрқайсысы үшін 1 (бір-бір) данадан жасалды.

## **18. Тараптардың мекенжайлары, деректемелері, қолдары және мөрлері:**

Бірыңғай дистрибьютордың  
тегін медициналық көмектің  
кепілдік берілген көлемі,  
қылмыстық-атқару  
(пенитенциарлық) жүйесінің  
тергеу изоляторлары мен  
мекемелерінде ұсталатын  
адамдарға бюджет қаражаты  
есебінен медициналық көмектің



қосымша көлемі шеңберінде  
және (немесе) міндетті  
элеуметтік медициналық  
сақтандыру жүйесінде дәрілік  
заттар мен медициналық  
бұйымдарды сақтау және  
тасымалдау жөніндегі  
көрсетілетін қызметтерді,  
дәрілік заттар мен медициналық  
бұйымдарды есепке алу және  
өткізу жөніндегі көрсетілетін  
қызметтерді сатып алу  
қағидаларына 5-қосымша  
Нысан

"\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы № \_\_\_\_\_ сақтау және тасымалдау бойынша ұзақ мерзімді шартқа  
№ \_\_\_\_\_ үлгі қосымша келісім жобасы 20\_\_ қаржы жылына

Астана қаласы

"\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы

"СҚ-Фармация" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі "Бірыңғай дистрибьютор" деп аталатын \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ тұлғасында, бір тараптан, және " \_\_\_\_\_ " бұдан әрі "Орындаушы" деп аталатын \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ тұлғасында, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталып, ал жеке-жеке "Тарап" деп аталып, Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті элеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 15-2) тармақшасына сәйкес "\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы № \_\_\_\_\_ 20\_\_ - 20\_\_ жылдарға арналған Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау бойынша ұзақ мерзімді шарттың (бұдан әрі – Шарт) 8-тармақтың 31) тармақшасының және "\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы келіссөздер хаттамасының негізінде шартқа жыл сайынғы осы қосымша келісімді (бұдан әрі – Келісім) төмендегілер туралы жасасты:

## 1. Осы Келісімнің нысанасы

1. Орындаушы Бірыңғай дистрибьюторға Шартта және осы келісіммен белгіленген жағдайда, осы келісімнің №1 қосымшасында айтылған тауарларды сақтау және

тасымалдау қызметін осы келісімнің № 2 қосымшасында көрсетілген Бірыңғай дистрибьютордың тапсырыс берушілеріне көрсетуге, бөлу орталығын/ Орындаушының операциялық қоймасын пайдалана отырып, Бірыңғай дистрибьютор Орындаушының қызметтерін қабылдауға және оларды осы келісімде көзделген тәртіппен төлеуге міндеттенеді.

2. Осы келісімде қолданылатын қысқартулар мен ұғымдар шартпен айқындалған. Төменде санамаланған құжаттар осы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады:

- 1) Шартқа 1-қосымша – тауардың тізбесі мен саны;
- 2) Шартқа 2-қосымша – Бірыңғай дистрибьютордың алушыларының тізбесі және олардың мекенжайлары;
- 3) Шартқа 3-қосымша – қызметтің нақты құны.
- 4) Шартқа 4 қосымша – көлік құралдары қозғалысының бағдар жоспары.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3. Осы келісім бойынша Тараптардың құқықтар мен міндеттері шартпен айқындалған. Шартпен реттелмеген Тараптардың құқықтары мен міндеттер бөлігінде Тараптар осы келісімнің ережелерін басшылыққа алады.

## 3. Осы келісімнің бағасы

4. Қосылған күн салығын ескере отырып келісімнің жалпы сомасы \_\_\_\_\_ (жазбаша) теңге \_\_\_\_\_ тиынды құрайды. Шарттың жалпы сомасы қызметтің нақты көрсетілген көлемін ескере отырып түзетуге жатады, бірақ тоқсанда бір реттен жиі емес. Қызметтің нақты құны келісімнің 3-қосымшасына сәйкес айқындалады. Сақтау үшін нақты ақы төлеу күнтізбелік айдағы паллета-орындардың күнделікті санының орташа мәні бойынша паллета-орындардың жоспарлы санының кемінде 70%-ы мөлшерінде төмендетілмейтін паллета-орын резервін ескере отырып жүзеге асырылады.

Күнтізбелік айда паллета-орындардың санын есептеуді Орындаушы тауарды күнделікті сақтау көлемінің негізінде мынадай формула бойынша қалыптастырады:  $S1 = \text{саны (қапт)} * \text{қайталама қаптаманың көлемі, м}^3 * 125\% * 300\% / 0,96 \text{ м}^3$ ;  $S2 = \text{саны (қапт)} * \text{қайталама қаптаманың көлемі, м}^3 * 125\% / 0,96 \text{ м}^3$ ; мұндағы  $S1$  - арнайы температуралық режимі бар паллета-орындардың саны (+2+8 C°; +8+15 C°; -15 C° және одан төмен),  $S2$  - арнайы температуралық режимі жоқ паллета-орындар (+15+25 C°). Стандартты паллетаның өлшемдері 0,8 м x 1,2 м, жүктеу биіктігі 1 метр сақтау көлемі 0,96 м<sup>3</sup> құрайды; стандартты көліктік қаптамаға үстеме – 125%, термолабильді өнім үшін салқындататын кейстерге үстеме – 300%. Орындаушының автокөлік құралдарымен күнтізбелік айда рейстерде жүріп өткен қашықтықтың есебін

Орындаушы, қайтарылатын тауар болған кезде, көлік құралын тиеу орнына (кері жолға) қайтаруды ескере отырып айқындайды. Орындаушы рейсінің километражы автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес ресімделген жол парағындағы ақпаратқа сәйкес келеді. Норма-сағаттарды есептеу Орындаушының күнтізбелік айдағы әрбір рейсі бойынша автокөлік құралының жүк көтергіштігіне сәйкес айқындалады: 1-санат (1,5 тоннаға дейін қоса алғанда) – 0,5 сағат, 2-санат (5 тоннаға дейін қоса алғанда) – 1 сағат, 3-санат (10 тоннаға дейін қоса алғанда) – 1,5 сағат, 4-санат (10 тоннадан астам) – 3 сағат. Күнтізбелік айдағы паллета-орындардың санын есептеуді Орындаушы БФАЖ-бен интеграцияланғаннан кейін қойманы басқару жүйесінің көмегімен қалыптастырады. Норма-сағаттарды және автокөлік құралдарымен жүріп өткен қашықтықты анықтау үшін Орындаушының рейстерін есептеуді Орындаушы БФАЖ-бен интеграцияланғаннан кейін көлікті басқару жүйесінің көмегімен қалыптастырады.

5. Бірыңғай дистрибьютор Орындаушыға Тараптар орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойған және Орындаушы бастапқы құжаттарды толық көлемде ұсынған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей ақы төлеуді жүргізеді.

6. Қызметке ақы төлеуді Бірыңғай дистрибьютор Шартта көзделген Орындаушының банктік шотына ақшаны аудару жолымен теңгемен жүргізеді.

#### **4. Осы келісімді қамтамасыз ету**

7. Орындаушы осы келісімге қол қойылғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде шарт және осы келісім бойынша өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету шарасы ретінде қаржы жылында осы келісім сомасының үш пайызы мөлшерінде кепілдік қамтамасыз етуді енгізеді.

8. Кепілдік қамтамасыз ету мынадай түрде берілуі мүмкін:

- 1) Бірыңғай дистрибьютордың банк шотына енгізілетін ақша кепілі;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген нысан бойынша банк кепілдігі.

9. Кепілдік қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі осы Келісімнің қолданылу мерзімінен аз болмауға тиіс.

10. Бірыңғай дистрибьютор Орындаушы енгізген осы келісімнің кепілдік қамтамасыз етілуін қайтармайды, егер Орындаушы:

- 1) қызмет көрсетуден бас тартса;
- 2) келісімді өз бастамасымен бұзса;
- 3) шартта көзделген міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін айыппұл санкцияларын төлемесе.

11. Бірыңғай дистрибьютор Орындаушының жазбаша өтініші бойынша ол енгізген кепілдік қамтамасыз етуді Орындаушы қаржы жылында шарт және осы келісім

бойынша барлық міндеттемелерді тиісінше орындаған жағдайда осы келісімнің қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарады.

## 5. Тараптардың жауапкершілігі

12. Шарттың немесе осы келісімнің талаптарын бұзғаны үшін Орындаушы Бірыңғай дистрибьютордың пайдасына мынадай санкцияларды төлейді:

1) шартты орындаудан жазбаша бас тартқан кезде-келісім бағасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл;

2) Шартта, Бірыңғай дистрибьютор Өнім берушілермен немесе Алушылармен жасасқан шарттарда және (немесе) Бірыңғай дистрибьютордың жөнелтуге рұқсат қағаздарында көзделген тауарды қабылдау, орнын ауыстыру және (немесе) тасымалдау мерзімдері бұзылған кезде – мерзімі өткен әрбір күн үшін осындай тауардың бағасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ осындай тауар бағасының 5% (бес пайызынан) аспайтын тұрақсыздық айыбы. Тұрақсыздық айыбы Шартта көзделген шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамаған соңғы күннен кейінгі күннен бастап есептеледі және тиісінше орындамаған күнді қоса алғанда есептеледі;

3) есепті айда бастапқы құжаттарды, түгендеу туралы тоқсандық есепті Шартта көзделген мерзімдерде ұсынбағаны, уақтылы, толық немесе дұрыс ұсынбағаны үшін – әрбір кешіктірілген күн үшін Шарт бағасынан 0,01% (нөл бүтін жүзден бір пайыз), бірақ келісім бағасынан 1% (бір пайызынан) аспайтын тұрақсыздық айыбы;

4) Шарттың 27-тармағында айқындалған өтеу мерзімі бұзылған кезде жоғалған немесе бүлінген тауардың Бірыңғай дистрибьюторға жоғалған немесе бүлінген тауар сомасының 1% (бір пайызы) мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күн үшін, бірақ 10%-нан аспайтын тұрақсыздық айыбы;

5) бастапқы құжаттар бойынша тауардың кірісі немесе шығысы туралы дұрыс емес деректерді БФАЖ-ға енгізген кезде – Орындаушының түзетуге арналған әр өтінімі үшін 5 АЕК (бес айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде айыппұл;

6) Бірыңғай дистрибьюторға әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаға сәйкес айыппұл салынған жағдайда, Орындаушы әзірлеген құжаттар бойынша, соңғысы Бірыңғай дистрибьюторға мұндай айыппұлды өтейді;

7) жыл сайынғы қосымша келісім бойынша қамтамасыз ету уақтылы немесе толық енгізілмеген жағдайда – Шарт құнының 1 (бір)% мөлшерінде айыппұл.

13. Көрсетілген қызмет үшін төлемді Орындаушыға уақтылы немесе толық төлемегені үшін Бірыңғай дистрибьютор Орындаушының пайдасына әрбір кешіктірілген күн үшін көрсетілген қызмет бағасының 0,01% (нөл бүтін жүзден бір пайызы) мөлшерінде, бірақ көрсетілген қызмет бағасының 1 % (бір пайызынан) аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді. Орындаушының бастапқы құжаттарды

уақтылы ұсынбауы немесе оларды толық көлемде және (немесе) дұрыс емес деректермен ұсынуы Бірыңғай дистрибьюторды келісім бойынша уақтылы төлемегені үшін жауаптылықтан босатады.

14. Келісім бойынша санкцияларды төлеуді Тараптар келісім бойынша екінші Тараптың тиісті шотын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

15. Орындаушы айыппұл немесе тұрақсыздық айыбын төлеуге арналған шотты төлемеген немесе уақтылы төлемеген жағдайда, Бірыңғай дистрибьютор Орындаушыға көрсетілген қызмет үшін тиесілі келісім бойынша есептелген айыппұл немесе тұрақсыздық айыбы сомасын акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға құқылы.

16. Орындаушы Бірыңғай дистрибьютордың алдында жоғалған немесе бүлінген тауарды ауыстыру жолымен немесе Бірыңғай дистрибьютордың прайс-парағына сәйкес тауардың құнын өтеу жолымен өзіне келісім шеңберінде берілген тауардың сақталуы үшін толық мүліктік жауаптылықта болады.

## 6. Келісімнің қолданылу мерзімі

17. Осы келісім 20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ бастап күшіне енеді және 20 \_\_\_\_\_ жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда қолданылады.

## 7. Қорытынды және ауыспалы ережелер

18. Келісімге кез келген өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда жасалған және оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және екі тараптың мөрлерімен бекітілген жағдайда ғана жарамды болады.

19. Келісімге өзгерістер енгізуге Қағидаларда көзделген жағдайларда жол беріледі.

20. Тараптардың бірі қайта құрылған жағдайда, осы Келісім өзінің заңды күшін жоғалтпайды және Тараптардың құқықтық мирасқорлары үшін жарамды күшке ие болады.

21. Келісім бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілдерінде 2 (екі) данада, Тараптардың әрқайсысы үшін 1 (бір-бір) данадан жасалды.

## 8. Тараптардың мекенжайлары, деректемелері, қолдары және мөрлері:

Дәрілік заттар мен медициналық  
бұйымдарды сақтау және  
тасымалдау жөніндегі 20\_\_  
жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
ұзақ мерзімді шартқа № \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ үлгі қосымша келісім  
жобасына 1-қосымша

## Орындаушы сақтауға және тасымалдауға тиіс тауардың тізбесі мен саны

--	--	--	--	--

р/с №	Халықаралық патенттелмеген атауы немесе құрамы	Дәрілік нысаны (дозалануы, концентрациясы) немесе техникалық сипаттамасы	Өлш.бірл.	саны
-------	------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------	-----------	------

\*Тауар атаулары мен көлемдерінің тізбесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

**Тараптардың қолдары:**

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ ұзақ мерзімді шартқа № \_\_\_\_\_ үлгі қосымша келісім жобасына 2-қосымша

**Бірыңғай дистрибьютордың алушыларының тізбесі және олардың мекенжайлары**

р/с №	Өңір	Алушы	Мекенжайы
-------	------	-------	-----------

\*Бірыңғай дистрибьютордың алушыларының тізбесіне және олардың мекенжайларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

**Тараптардың қолдары:**

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ ұзақ мерзімді шартқа № \_\_\_\_\_ үлгі қосымша келісім жобасына 3-қосымша

**Қызметтің нақты бағасы**

Жүк көтергіштігі бойынша автокөлік санаты	Арақашықтық, км	Баға теңге/км	Сомасы, теңге
1-санат (≤ 1,5 тонна)			
2-санат (≤ 5 тонна)			
3-санат (≤ 10 тонна)			
4-санат (10 тоннадан астам)			
			Жиыны:
Қойма аймақтары	Паллета-орындардың саны, дана	Баға теңге/паллета-орындар/айда	Сомасы, теңге

Арнайы температуралық режимсіз сақтау (+15+25 Co)			
Арнайы температуралық режимде сақтау (+2+8 Co )			
Арнайы температуралық режимде сақтау (+8+15 Co)			
Арнайы температуралық режимде сақтау (-15 Co және одан төмен)			
			Жиыны:
Автокөліктің жүк көтергіштігі бойынша норма-сағат санаты	Норма-сағаттар саны	Баға теңге/норма-сағат	Сомасы, теңге
1-санат ( $\leq 1,5$ тонна) - 0,5 сағат			
2-санат ( $\leq 5$ тонна) - 1 сағат			
3-санат ( $\leq 10$ тонна) - 1,5 сағат			
4-санат (10 тоннадан астам) - 3 сағат			
			Жиыны: Барлығы:

### Тараптардың қолдары:

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ ұзақ мерзімді шартқа № \_\_\_\_\_ үлгі қосымша келісім жобасына  
4-қосымша

### Көлік құралдары қозғалысының бағдар жоспары

№	Алушы	Бағыт №	Апта күндері	Айына рейстердің жиілігі*
---	-------	---------	--------------	---------------------------

\*Алушыға айына жөнелту жиілігін Орындаушы жөнелту қағазына сәйкес көлемдерге және (немесе) Бірыңғай дистрибьютор жасасқан шарттардағы кестеге сәйкес қалыптастырады.

### Тараптардың қолдары:

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК